

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
Қызылорда облысы жоғары және арнаулы оқу орындары студенттері мен
мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған
«Алаш алыптары» атты жас ақындар мүшайрасының
өлеңдер жинағы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
«Мұстафа Шоқайтану» ғылыми-зерттеу орталығы

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
Қызылорда облысы жоғары және арнаулы оқу орындары студенттері мен
мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған
«Алаш алыптары» атты жас ақындар мүшайрасының
өлеңдер жинағы

Қызылорда, 2017 жыл

ӘОЖ 373.5: 377 :378: 398.87: 894.342

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында
Қызылорда облысы жоғары және арнаулы оқу орындары студенттері мен
мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған
«Алаш алыптары» атты жас ақындар мүшайрасының
өлеңдер жинағы

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	7
----------------------	----------

I бөлім

Жоғары оқу орындары мен колледж студенттері

1. «ҚАСҚЫРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ».

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Филология, тарих және құқық» Ж-16-1 оқу тобының студенті

АйдарСайлауов.....8

2. «ЖЕРІ ҮШІН АТҚА ҚОНҒАН БАҒЫЛАНДАРЫМ...!».

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Филология, тарих және құқық» факультетінің Фил-15-1 оқу тобының студенті Алдаберген Аружан

Ермекбайқызы.....9

3. «ӨТКЕН КҮНГІ ПАРАҚТАН».

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Педагогикалық» факультетінің ДО-16-1 оқу тобының студенті Ерболат Айдана

Ерболатқызы.....10

4. «АЛАШ АРЫСТАРЫ ».

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Филология, тарих және құқық» факультетінің Ж-17-1 оқу тобының студенті Жалғасбекұлы

Шернияз.....11

5. «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ 100 ЖЫЛ».

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Педагогикалық» факультетінің М-16-1 оқу тобының студенті Мұстафа

Алтынбайбек..... 12

6. «АЛАШ АРЫСТАРЫ».

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Педагогикалық» факультетінің ДО-16-1 оқу тобының студенті Шадиева Бақытжамал

Нұржанқызы.....13

7. «АЛАШОРДА».

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі, №17-4 «ЭВМ операторы» оқу топ студенті Каренов Сүйеніш

Құттымұратұлы.....14

8. «ТӘУЕЛСІЗДІК - ҰРПАҚТАРҒА БАҚ БҮГІН».

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі, №17-5 «Электрмонтаждаушы - реттеуші» оқу тобының студенті Мамбетов

Мерей.....15

9. «ЕСКЕРТКІШ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ».

«Болашақ» университеті Ержігіт

Бекжан.....16

10. «АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ».

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі, Дәуіржан Бексұлтан

Дәуіржанұлы.....17

11. «МҰСТАФА ШОҚАЙҒА АРНАУ».

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі. «Теміржол» бөлімшесі, ТХ-160 оқу тобы, II курс оқушысы Жұмабеков Абылайхан

Рүстембекұлы.....18

12. «ФАТИМА ОСМАНОВАНЫҢ ТАҒДЫРЫ ЖЕЛІСІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН».

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі. «Ауылшаруашылық мамандықтар» бөлімшесі, ВМ-15о оқу тобы, ІІІ курс оқушысы Қуанышов Ақжол.....	19
13. «АЛАШ АЙБЫНЫ». И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі. «Теміржол» бөлімшесі, АТС-17 оқу тобы, І курс оқушысы Нағашыбаев Дәулеткерей Аралбекұлы	20
14. «ТАҢ АТТЫ!». И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі. «Ауылшаруашылық мамандықтар» бөлімшесі, ВМ-15о оқу тобы, ІІІ курс оқушысы Жантуғанов Бекболат Азаматұлы.....	21
15. «ӘЛИХАНҒА АРНАУ». И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі. «Теміржол» бөлімшесі, ТХ-16о оқу тобы, ІІ курс оқушысы Жұмаділ Асхан Рахметуллаұлы.....	22
16. «АЛАШОРДА». Қазалы аграрлы – техникалық колледжі, №17-4 «ЭВМ операторы» оқу топ студенті Каренов Сүйеніш Құттымұратұлы	23

ІІ бөлім

Қызылорда облысы мектеп оқушылары

17. «АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫ». Арал қаласы, №231 орта мектептің 9 - сынып оқушысы Көбенова Гүлжайна	24
18. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ». Арал қаласы, №231 орта мектептің 9 - сынып оқушысы Қырымтаева Перизат.....	25
19. «БИКТИК (АЛАШ АЛЫПТАРЫНА АРНАУ)». Арал қаласы, Жұмаханова Көркем Болатқызы №19 орта мектеп, 11 оқушысы.....	26
20. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ». Арал қаласы, №231 орта мектептің 9 - сынып оқушысы Әбжами Ақнұр.....	27
21. «АЛАШ АРЫСТАРЫ АҢСАҒАН – ТӘУЕЛСІЗДІК!». Арал қаласы №260 орта мектебі, 9 сынып оқушысы Арғынғазиева Назым Арғынғазықызы.....	28
22. «АЛАШЫМНЫҢ АЛЫПТАРЫ». Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Әбдікәрім Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп 10 сынып оқушысы Бекмұханбет Дамир Серікұлы	29
23. «ӘЛИХАННЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ». Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы Темірбек Жүргенов атындағы №123 мектеп- лицейдің 11-сынып оқушысы Ахет Нұрбақыт Мадиярұлы.....	30

24. «ҰРПАҒЫМЫН АЛАШТЫҢ».	
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылы №33 орта мектеп 8 сынып оқушысы Жетпісбай	
Дильназ.....	31
25. «ҚҰЛАТПАС ЕНДІ ЕШКІМ ДЕ!».	
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Мардан Байділдаев атындағы №232 орта мектеп, 11 сынып оқушысы Жаңабай Зылиха	
Бағланқызы.....	32
26. «АЛАШ».	
Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Әбдікәрім Оңалбаев атындағы №117 орта мектеп, 9 сынып оқушысы Мереке Ермахан	
Мерекеұлы.....	33
27. « ЕЛ ҮШІН ЖАНЫН БЕРГЕН».	
Жаңақорған ауданы №229 «Абызтөбе» орта мектебі 8 сынып оқушысы Дәулет Сұлтанғали.....	34
28. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Жалағаш ауданы, Ш. Ермағанбетова атындағы №246 орта мектептің 10 сынып оқушысы Талапбек	
Нұрсұлтан.....	35
29. «МҰСТАФА ШОҚАЙҒА АРНАУ».	
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы, № 99 орта мектеп 8 сынып оқушысы Алдоңғар	
Дінмұхамед.....	36
30. «АЛАШ ҰЛДАРЫ».	
Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Ақай ауылы, № 99 орта мектеп 8 сынып оқушысы Аязбаев	
Жалғас.....	37
31. «ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАУ».	
Қармақшы ауданы, Төретам кенті Жанқожа батыр атындағы №269 орта мектептің 6-сынып оқушысы Бекбулатова	
Аида.....	38
32. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Сырдария ауданы, Шаған ауылы №37 мектеп – лицейінің 10 сынып оқушысы Әлішер Оңғарбай.....	39
33. «АЛАШ АЛЫБЫ - ӘЛИХАН».	
Сырдария ауданы №44 орта мектебі 9 сынып оқушысы Зұлпар Әсел	
.....	40
34. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Сырдария ауданы , №132 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Махамбетов Бекжан	
.....	41
35. «АЛАШ ОРДАҒА 100 ЖЫЛ».	
А.Тоқмағанбетов атындағы №135 орта мектеп 9 сынып оқушысы Кеңесбайұлы	
Әлжан.....	42
36. «ЖАҢҒЫР ҚАЗАҚ, ЖАЛАУЫҢДЫ ТІК ҰСТАП!».	
Сырдария ауданы, Шаған ауылы №37 мектеп-лицейінің 9 сынып оқушысы Әбілдаева	
Нұрайым.....	43
37. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	

Сырдария ауданы, №126 орта мектебінің 10-сынып оқушысы Каженбекова Гүлнұр.....	44
38. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, № 144 орта мектептің 11 сынып оқушысы Бақытбек Назерке.....	45
39. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Рақымжан Нұрсезім.....	46
40. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей 9-сынып оқушысы Ақпанбет Дінмұхаммед Қайратұлы.....	47
41. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, №114 орта мектеп 10 сынып оқушысы Серік Жанира Мейрамбеқызы.....	48
42. «АЛАШ АРЫСТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, Ә. Молдағұлова атындағы №173 орта мектебінің 8 сынып оқушысы Абдукаликова Зейнекамал.....	49
43. «ЕЛДІКТИҢ БАСТАУЫ - АЛАШ».	
Қызылорда қаласы №215 орта мектептің 10-сынып оқушысы Кутышова Балзия Бақытжанқызы.....	50
44. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, К.Қаракөзов атындағы №235 орта мектеп 7 сынып оқушысы Шыңғыс Бейбар.....	51
45. «АЛАШЫМ -АЙБЫНЫМ».	
Қызылорда қаласы, №257 орта мектеп 10- сынып оқушысы Ахат Орынбасар.....	52
46. «МЕН АЛАШПЫН, ЕГЕМЕНМІН, ДЕРБЕСПІН!».	
Қызылорда қаласы, №264 мектеп-лицейі, 10 сынып оқушысы Райбекова Сағыныш.....	53
47. «ТАР ЖОЛ,ТАЙҒАҚ КЕШКЕНДЕР ».	
Қызылорда қаласы, №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының 9-сынып оқушысы Орынбасар Аружан.....	54
48. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей 8 сынып оқушысы Абжапбар Жомартбек Қанатбекұлы.....	55
49. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей 8 сынып оқушысы Азизов Олжас.....	56
50. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей 8 сынып оқушысы Амангелді Шаттық Жеңісбекқызы.....	57
51. «ҮШ БӘЙТЕРЕК, БЕС АРЫС».	
Қызылорда қаласы №267 орта мектептің 6 сынып оқушысы Берік Алтынай Айбекқызы	58
52. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	

Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының 8 сынып оқушысы Мұстафаева Гүлжан.....	59
53. «АЛАШ АРЫСТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының 9-сынып оқушысы Жұмажанова Дильназ.....	60
54. «АЛАШ АЛЫПТАРЫНА».	
Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті №11 мектеп-лицей 9 - сынып оқушысы Ертөре Мүрәділ.....	61
55. «АЛАШ АРЫСТАРЫНА».	
Қызылорда қаласы, №10 дарынды балаларға арналған облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының 9-сынып оқушысы Шайық Жанель.....	62
56. «АРНАУ».	
Қызылорда қаласы, №144 Сақтапберген Әлжіков атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Қарасай Балнура.....	63
57. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназиясының 9 сынып оқушысы Хусайнов Дастан.....	64
58. «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ».	
Қызылорда қаласы, Абай ауылы. Абай атындағы №138 орта мектептің 10-сынып оқушысы Оразкүл Темірғали Бакытжанқызы.....	65
59. «ҚАЗАҚ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы, Т.Рысқұлов атындағы №222 орта мектебінің 7 сынып оқушысы Төлен Дильназ.....	66
60. «АЛАШ АЛЫПТАРЫ».	
Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті №11 мектеп-лицей 9 сынып оқушысы Асқар Әли.....	67

АЛҒЫ СӨЗ

XX ғасырдың басы қазақ қоғамының, қоғамдық ой-сананың жаңғыру кезеңі болды. Осы кезеңде ұлтымыздың ағартушы тұлғалары, айтулы ақындары, қоғам қайраткерлерінің толғандырған негізгі мәселелері отаршылдық бұғаудан құтылып, өз алдына дербес ел болу еді. Алаш қайраткерлері ту еткен ұлттық сананы көтеру, одан туындайтын қазақтың тілі мен тарихын, өнері мен мәдениетін қазақ ұрпағының бойына сіңіру сияқты іргелі мәселеде Алаш зиялыларының сан-салалы мұрасынан, іс-қимылдарынан алар тағылым мол.

Тұғыры биік тәуелсіз мемлекет құруға ұмтылған Алаш қайраткерлері көтерген ұлттық мәселелері бүгінгі күннің тәуелсіздік мұраттарымен сабақтасып жатыр.

Жинаққа Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында жас ұрпаққа - Алаш зиялыларының мұрасын насихаттау, өнегелі істері мен қайраткерлік жолын дәріптеу, жастардың шығармашылығын шыңдау мақсатында ұйымдастырылған Қызылорда облысы жоғары және арнаулы оқу орындары студенттері мен мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған «Алаш алыптары» атты жас ақындар мүшайрасына қатысушылардың өлеңдері топтастырылып, жинақталған.

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫ МЕН КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІ

ҚАСҚЫРДЫҢ КӨЗ ЖАСЫ

Бірнауы жыл өзекті таптады дерт,
Жатқан сонда сонардың батпағы кеп.
Қос ауызын аңшылар майлап жатты,
Ауыл маңын қасқырлар қаптады деп.

Ошақтан үй жылытар от арылып,
Қасқырға қалай тиген бұ тағылық.
Аң аулауға ауылдың бәрі кетті,
Барқынның тамырындай қопарылып.

Бөлтіріктер бабама дем береді,
«Дұрыс бере алам» деп елге нені.
Қасқырдайын қырылған қарға бауыр,
Басқырлықтан құтқарам деп келген еді.

Дүлей еді арландар дүре өтпеген,
Жүректенен ел сүйген, жыр от дер ем.
Бес бәйтерек шабылып ең әуелі,
Үш арасың атылды бір оқпенен.

Білді олар, бұл ғаламда жалған барын,
Алаштың нұр етем деп араандарын.
Көксеректің көксегенін білгендіктен,
Азаттыққа ұмтылды арландарым.

Жан екпінін салатын алысқанша,
Атылды сол сапарда арыс қанша.
Қасқыр болып қалады олар мәңгі,
Торда өмір сүрмейді арыстанша.

Ауызын айға мінеп жан шығарда,
Тазалық сыйлағандай таң шық арға.
Өлімді көрсетсе де көздеріне,
Айбатын шегіп өтті аңшыларға.

Жаратқаным қашанда тұрса демеп,
Ұрпағы да болады сонша зерек.
Қазақтың дәл осылай қарыштауы,
Арландардың арқасы болса керек.

Қазақ дейтін алпауыт ұлт құрғандар,
Қасқыр жас боп төгілген мықты армандар.
Хантәңірден тәңірге ұли бермек,
Қорқаудың құрығынан құтқарғандар.

Аспанға ұшқан талай көп бөрігім,
Көбесі жырда ғана сөккен үнім.
Көкке қарап ұлығым кеп тұрады,
Ұрпағы болғасын ба көк бөрінің.

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Филология, тарих және
кұқық» Ж-16-1 оқу тобының студенті Айдар САЙЛАУОВ**

ЖЕРІ ҮШІН АТҚА ҚОНҒАН БАҒЫЛАНДАРЫМ...!

От олар, Намыспен жан бере алады,
Ер олар, елі оған сене алады..
Жатырынан ананың жарып шығып,
Қорғау үшін туылған Жер - ананы..!
Қазақсың... Сұра оны тағдырлардан..
Болмаппа ед..көкейлерде сан қырлы арман..
Бұл қазақ.. жері түгіл, ер - тұрманын..
Ырымдап жау қолында қалдырмаған..!

Қазақсың.. Қазақ деп тек аталмаған,
Қорғаған мына өлкені ата- бабам.
Жер- анаң көкке сүтін сауар болды,
Мұндайда, тебіренбей...жатар ма адам..!
Қазақсың... Берекенді үркітпегін..
Тұрған жоқ..байрағыңда бүркіт тегін..
Қазақтың қаймағына қол сұғуға..
Құқы жоқ...қытай менен шүршіттердің..!
Құқы жоқ.. Жалға алып кетем деуге..
Құқы жоқ. . Жайлы мекен етем деуге..
Онсызда..құтты ордамды..отансыздар..
Ордалы жыландай боп...мекендеуде..!
Қызған жоқ.. Дархандықтан шекем мүлде..
Қол жайма.. Өзгеге де, шет елге де..
Шет елдің қызын алып...қанды бұзып..
Талайдың кетті қыздар...жетегінде..!
Өзге елге бала саттық, Ақырзаман..
Тәңірім, қойып еді- ау...атыңды Адам..
Сәбиін сатқан елге.. не тұрады..
Жер сату... Намысым- ай....салқындаған..!
Ерсіндер.. Еркіндетпе өзгелерді..
Мына заң.. Әлі талай өзгереді..
Ұлтарактай жерінді жатқа берсең..
Ұрпағыңнан ұялар...кез келеді..!
Қазақша сөйлейміз деп ұрандайды..
Қайран тіл...биші қыздай бұраңдайды..
Астаудан биігірек ас ішкендер..
Өз тілін өгейсітіп, шұбарлайды..
Тіліне құрметі жоқ...кейбір қазақ..
"Жерім" деп.. жатқа қарсы тұра алмайды..
Алты алаш, Шашырамай басыңды қос..
Бірліксіз басыңа бақ, құралмайды..
Жұмылсаң жұдырықтай...Жер- анаға..
Еркінсіп...ұшқан құста кіре алмайды..!
Ерсіндер.. Қорғар жердің атырабын..
Қазағым, өз жеріңде шалқыр әнің..
Жері үшін, атқа қонған бағыландарға..
Жырыммен сусын құйып отырамын..

Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Филология, тарих
және құқық» факультетінің Фил-15-1 оқу тобының
студенті Алдаберген Аружан Ермекбайқызы

ӨТКЕН КҮНГІ ПАРАҚТАН

Тілім ащы болса да, жүрек тәтті,
Талай жандар үнсіз тек тілін қатты.
Қолы емес, тілі боп кісендеулі,
Жарқыраған күндер де торда батты.

Шындықты айтса, басқаға болып күйік,
Көп жандар кетті емес пе, отқа күйіп.
Еске алсам сол жандарды, өртенеді.
Менің мына жүрегім шоққа күйіп.

Амал жоқ, қашты олар жалғаннан да,
Ұсталып қалды бірақ жамандарға.
Халықтың жауы деген атты беріп,
Қамады күн көзі жоқ қамалдарға.

Даналар, ақындар да оққа ұшты,
Сырдың таза, түп-тұнық алабында.
Сол жандардың жалғансыз таза қаны
Сыр суымен біздерге тарады да,
Сондықтан да жаным күйіп жанады да.

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Педагогикалық»
факультетінің ДО-16-1 оқу тобының студенті Ерболат
Айдана Ерболатқызы**

АЛАШ АРЫСТАРЫ

Тарихтың өзі айқындап берген салмағын,
Аузынан жырып, жолынан тартып алмағын.
Атып та асып қорлады қазақ перзентін,
Қаматып торға, итшелеп теуіп қалғанын.

Күйреген сол кез елімнің есіл ордасы,
Бұғып ап басты, аз болды қазақ қолдасы.
Алаш жастары-арыстан болып ақырып,
Көтерді байрақ- қазақтың Алашордасы.

Билігін қалап темірден, құрыш, болаттан,
Бағынбағанның басынан шауып, оқ отқан.
Сондай да зұлым саясаты бар кезде,
Ахметтерім маса да болып оятқан.

Мақтанада алмай жүрсе де дағы малымен,
Өмірін арнап, еңбегін еткен жанымен.

Ілияс, Мағжан секілді алып арыстар,
Елдігімнің қалыбын қалаған қанымен.

«Оян, қазақ» деп Міржақып тілге ұран ап,
Әлихан бабам жастарды жиып құралап.
Тәуелсіздік жолында кеткен жастарға,
Тәуелсіз ұрпақ тілек тілесін құрандап.

Бисмилла Алла иманың қылғын саламат,
Қабірін қылғын жәннәти болған жаңа бақ.
Төбеде қақ, жерде қазақ бар кезде,
Тобығымнан талай арыстар жаралат.

Осы күнді көруді қалап, арнады арыс жанында,
Кедейліктің құрсауын шешіп, жұмсап малында,
Елім деген ерлерім, ауыр айыпты мынау арқалап,
Ақталдың бүгін, тәуелсіздіктің ақ таңында!

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Филология, тарих
және құқық» факультетінің Ж-17-1 оқу тобының
студенті Жалғасбекұлы Шернияз**

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ 100 ЖЫЛ

Қайраты асқан, жігері тасқан айбынды ұлы Алаштың!
Алаш төріне бірлігіменен, ынтымағымен жарастым.
Бір бұтағы болып, сынбастай мәңгі орналастым мен, міне,
Тәуелсіздіктің тамырынан тараған «Қазақ» ағаштың.

Хақ алдында аян пәк мінезім менен ақ қардай аппақ арым
бар,
Мен - қазақтың жас қабыланы, танымайтындар, таныңдар!
Көгінде күні еркелей күлген елімді келіп мүжіме,
Тигенше жалпақ, айрандай жұртқа кеудеден менің жанымды
ал.

Боданнан шықтым, тәуелсіз болып, мен түбегейлі өзгердім,
Аман құтылдым, сынынан бүгін сұқтанған сыртқы көздердің.
Томағамды алып, қырандай қалқып, «Тәуелсіздікті» ілдім де,
Тау барысы боп, «Еркіндік» деген заңғарға бүгін тез келдім.

Мінезім – досқа мамыр жылуы, дұшпанға – аязы ақпанның,
Киелі жерім – Арқа мен Талас, Жайыққа сырымды ақтардым.
Керілген анау өркеш құмы бар, сырғыған және өзені,
Сыр жағалауы ертеде жаугер мекені болған сақтардың.

Айтулы және оқиға болды, қозғалыс алып Алаштың,
Үміттер өшкен, білместей ешкім туарын қайта азат күн.
Көтеру үшін шаңырақ тіктеп уық боп тіке қадалды,
Міржақып пенен Әлихандарың бағына туған Қазақтың!

Голощекиннің саясатымен қасқырды емес, қой аттым,
Шоқайдыңұлы Мұстафа болып, шетелге және бой арттым.
Орыстың озбыр саясатынан қорқып ұйықтаған халықты,
Ахметтердің ызындаған «Масасыменен» ояттым.

Тарихым талай қиян-кескіден, уақыттан өтті саралы,
Жанады, оған сенемін менде қазақтың бұдан бағы әлі.
Төрт аяғын тең басатын желден жүйрік жорғадай,
Қазақтай қайсар халықтың рухы тәуелсіз болып қалады.

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Педагогикалық»
факультетінің М-16-1 оқу тобының студенті
Мұстафа Алтынбайбек**

АЛАШ АРЫСТАРЫ

Жүрегімде намысымды қамшылар,
Шырылдаған сан арыстың даусы бар.
Нар қазақтың рухын іздеп таусылып,
Сан арыстың өр рухына аршынған
«Міржақып»деген алашымның арысы бар.
Кім дейсіңбе?білмейсіңбе? біліп ал!
Ол арысым, жанашырым кешегі
Аңсағаны-

осы күнгі бейбіт болған күн еді.

Бейқам жатқан қазағымды ұйқыда
«Оян, қазақ!Жетер енді!»деп еді.
От сөздермен шымырлатып жанымды,
Нар қазақтың рухын іздеп таусылды.
Шын кірісті,шын тырысты
Тәуелсіздік таңына.
Бейбітшілік-

мақсат болды алдына

Сол арманда кете барды құрбан боп,

Ел аузында қалды есімі аңыз боп.
Әуелеп, сұңқар үн саңқ етсе көк зеңгірден,
Шоқайұлы Мұстафамғой деп мен білем.
Оныды сен білмеушімең алтыным?
Біліп алшы онда саған ақылым.
Мұстафам-теңізім, телегейім, қайран бабам,
Тереземіз тең түсуін армандаған.
Күш қосып, қол ұстасып. сөз бекітіп
Адасқан қойдай шулап ерген елді
 Бұлтармай оң бағытқа жол бастаған.
Тірі жанға қылмыссыз боп
Қисыны жоқ оққа ұшқан,
Қара өмірден тұрмыссыз боп
Періште боп көкке ұшқан
Байтұрсынов Ахмет атты саф алтын бар.
Миллиардтың көш бастарлық асылдары
Елі үшін бойға біткен тасыр қаны
Қайғылы қара күндер бітер ме? Деп
 Қолайсыз мінді мінез бітер ме? деп
Ит болып ырылдасып өткен күндер,
Жоқ болып, ізі жолы кетер ме? деп
Күндіз түні көз ілместен арандаған.
Орындалды, шын тілектер қабыл болды,
Сан ғасырлық қайғы мұңым ұмыт болды.
Арман болған тәуелсіздік

 Арыстардың арқасында

 Алашыма нәсіп болды.

**Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-нің, «Педагогикалық»
факультетінің ДО-16-1 оқу тобының студенті Шадиева
Бақытжамал Нұржанқызы**

АЛАШОРДА

Халқына жанашыр боп жүрген әркез,
Данагөйлер болды біздің тарихта
Бірақ оның даналығың көре алмайтын,
Қас, жауыздар оларды аяды ма?

Даналарым беріспеді, шыдап бақты,
Өмірінің жеткенше аяғына
Талайларды өмірге талпындырды
Өсиетпен көкірегі ояуына.
Ахмет, Мағжан, Мұстафа, Әлиханда,
Міржақыпта туралықты ұғынады.
Алыптардың біріккен ойыменен,
Алашорда үкіметі құрылады.
Осылайша қазақтың алыптары,
Бес саусақтай бірігіп жұмылады,
Елдің қамын ойлаған алыптарға
Кеңес үкіметі жау болып ұрынады
Алыптарға жалған жала жабылады,
Ержүректі жандар ед(і) шұғылалы.
Алыптардың ақиқаты айқындалған,
Ел біледі, кім жазықсыз? кім кінәлі?
Туын биік ұстаған ұрпақтары,
Даналарға арнайды жырын әлі.
«Мен жастарға сенемін» деп жырлаған
Мағжандардай әлі жастар туылады.

**Қазалы аграрлы – техникалық колледжі
№17-4 «ЭВМ операторы» оқу топ студенті Каренов
Сүйеніш
Құттымұратұлы**

ТӘУЕЛСІЗДІК - ҰРПАҚТАРҒА БАҚ БҮГІН

Тәуелсіздік - Тәңір берген тәтті ұғым,
Тәуелсіздік - ұрпақтарға бақ бүгін.
Осы жолда қан мен терін сарпыған,
Бабаларым баса алмаған аптығын.

Керей менен Жәнібектен бастаған,
Сол тарихты сақтау бізге басты арман.
Кеудеден жан, жанарлардан жас тамған,
Біз салбырап түскен жоқпыз аспаннан.

Абылайлар арпалысқан ат үсті,
Орыспенде, жоңғарменен тартысты.
Бермейміз деп солтүстік пен оңтүстік
Қорғаймыз деп шығыс пенен батысты.

Қазыбек, Төле, Әйтеке би бабалар
Тарихымда оларға мол баға бар.

Жаудың бетін бір-ақ сөзбен тойтарған
Бұқар жырау, Асан қайғы даналар.

Әлихан, Ахмет, Мағжан бертінде
Ұрпағы үшін тік тұратын сертінде.
Бодандықтан көз ашпаған сан ғасыр
Ел мен жерін айналдырды еркінге.

Бейімбет, Ілияс, Сәкен даналарым,
Тер төкті ұрпақ үшін арнап барын.
Мерт болды халық жауы жаласымен,
Алаштың алыптары – бабаларым.

Қайрат, Ербол, Сәбира мен Ляззаттар,
Олардың да тағдырында азап бар.
Кәріден де, жасынан да көз жазды,
Осы күнге жету үшін қазақтар.

Тарих қойды талайларды әуре етіп,
Тынышталдық іргемізден жау кетіп,
Бабалардың аманатын арқалап,
Осы күнге жүрейікші тәубе етіп.

**Қазалы аграрлы – техникалық колледжі
№17-5 «Электрмонтаждаушы - реттеуші»
оқу тобының студенті Мамбетов Мерей**

ЕСКЕРТКІШ АЛДЫНДАҒЫ ОЙ

Мұндай ер басыма ғасырлап қонатын,
Бақыт боп өнетін, қайғы боп солатын.
Азаттық жолында арпалыс күн кешкен,
Шоқайдан тараған, шоқ жұлдыз болатын.

Түрліше тіл жаттап, түрліше іс білген,
Қара жер басқанмен, қиядан құсты ілген.
Еркіндік алуды аңсаған заманың,
Тамшы бар жанарда, қамшылар үстіңнен.

Жүректі жанарды жіктеді жілікке,
Журналмен жұрт ішін бастар деп бүлікке.
Құзғыннан қайығып, антынан айнымас,
Қыран көз Мұстафа ортақ ұл түрікке.

Аман сау тұрғанда арманға жететін,
Сүзектен тапты ма бақилық бекетін.

Сүреңсіз тірлікте қағида жалғасқан,
Елім деп сөйлеген ерте өліп кететін.

Көзімнің жасынан көк мұздар қатқанда
Ажалың жауапсыз ілікті қақпанға.
Біз арғы жауларды жеңдік пе білмеймін?!
Арғы атам сол елдің құмы боп жатқанда.

Жау қылды жауыздар тең көрмей ірі атқа,
Жатқанмен жырақта, жетті ісің мұратқа.
Туған жер төрінен орнатты ескерткіш,
Ескерткіш ешқашан тіл қатпас бірақ та.

Тәуелді болмауға темірдей кеңеске,
Күресін алады күңіреніп ел еске.
Алтынмен пара-пар бұл асыл тұлғаны,
Қоладан құюым төмендік емес пе?!

Қараны ақ қылып, бүтіндеп жартыны,
Бірегей жоғалды көсемнің жарқылы.
Халыққа ғажайып ғалым боп тұрамыз,
Сіз басқан жолдарды зеттеу арқылы.

Ержігіт Бекжан «Болашақ» университеті

АЛАШ ҚОЗҒАЛЫСЫ

XX ғасырдың алғашқы ширегінде,
Ұлт азаттық қозғалыс болып еді.
Бөкейханов, Байтұрсынов тағы басқа.
Жазықсыздан жазықсыз қырып еді.

Қазақтың қаншама өрендерін,
Аяусыздан тар қапасқа тығып еді.
Мұра қылып қалдырған өлеңдерін,
Жойып жіберу амалын қылып еді.

Болмады... армандары өкіметтің,
Соттады қаншама адамды үкім етіп.
Берілмеді қазақтың өрендері,
Қалды артында қаншама өлеңдері.

Жойылмас қайсар қазақ есімдері,
Ер жүрек қазақ азаматтары да.
Ел үшін төгілсін деп қанымыз,
Деген ұран бастады алға!

Тоқырау заманда да торықпаған,

КСРО патшасынан қорықпаған,
Қазақ деген атыңнан айналайын,
Көк аспанда көк туың қалықтаған.

Кейіннен бұл кісілер ақталады,
Жастарың өздеріңмен мақтанады.
Қазақтың даңқы түспей әрқашан,
Арта берсін берекелі бақ дәулеті.

Алаштың ардақты азаматы,
Өздеріңмен мәлім ғой қазақ аты.
Қазақтың бостандығын арман еткен,
Ғалымның аты өлсе де, өлмес хаты.

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық
техникалық жоғары колледжі.
Дәуіржан Бексұлтан Дәуіржанұлы**

МҰСТАФА ШОҚАЙҒА АРНАУ

Беу ғасырым, тарих жүгін арқалаған,
Ел намысын артатын нар қалмаған.
Қылышынан қан тамған Кеңес кезі
Сыр ақтарып, мұң-шерін тартар маған.

Арқау еттім жырыма ұл-қыздарын,
Міржақып, Ахмет, Мағжан – жұлдыздарым.
Бірлік кетіп, береке қашқан кезде
Қарсы тұрған қаһарына рухсыздардың.

Сын сағатта ел намысын бермей қолдан,
Түркі жұртқа Мұстафа болған қорған.
Қоқан деген тәуелсіз ел болам деп,
Елдік туын тігуге белді буған.

Өттең, әттең, орындалмай ақ арманы,
Париж асты көк түріктің өр ұланы.
Азаттықтың атар таңын аңсауменен,
Тоқтамады, қайсар рухы бір солмады.

Алаш үшін айбынын еш басқан жоқ
Сталинге сөз қадады қас жау боп,
Араша боп тұтқындарға қаракөз,
Жат жерде де тұрды еліне бастау боп,

Қазақ үшін арпалысып жанталасқан,
Аласапыран күндерде бақ таласқан.
Елі үшін сын кезеңде отқа түсіп,
Ер Мұстафа батыр туған алты Алаштан!

Өзі өлсе де рухы оның өлген жоқ,
Жарқырап тұр жұлдызы оның сөнген жоқ.
Сағынышын баса алмай тұр солқылдап,
«Шоқайұлы Мұстафа!» деп жер мен көк!

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық
техникалық жоғары колледжі.
«Теміржол» бөлімшесі, ТХ-160 оқу тобы, II
курс оқушысы
Жұмабеков Абылайхан Рүстембекұлы**

ФАТИМА ОСМАНОВАНЫҢ ТАҒДЫРЫ ЖЕЛІСІНДЕ ЖАЗЫЛҒАН

Күн күрсініп, төбемнен жай ұрғандай,
Талай тұлға құлады қайың- талдай.
Алашынан арысын айырды ғой,
Анасынан баласын айырғандай.

Тағдырлас қып қойды әкеп қысыр атты,
Қара аспаннан бақытым түсіп ақты.
Таң нұрындай мейірімі жоқ болғасын,
Тағдырымдай қаңтардың қысы қатты.

Сағыныштан түнекпен түнді құшқам,
Сығырайып тарайтын күн қуыстан.
Тар вагонмен ауылдан ұзап барам,
Қарға талай теректен үркіп ұшқан.

Көз жасымен ақты талай тамшы үміт,
Қайтты әйелдер татар дәмі таусылып.
Қанмен жазып вагондардан лақтырдық,
Шойын жолға үміт хатын тапсырып.

Шықпа жаным, шымыр ең ғой шыдашы,
Темір емес ғұмырымның жырасы.
Екі ай жүріп Алжирге әкеп түсірді,
Талай әйел көз жасының куәсі.

Сұм қарудың, тақап тұрып тап ұшын,
"Ол қылмыскер" деп айтқызбақ арысын.
Таптатпады азаматын және де,
Қамыс шауып жүрген әйел намысын.

Қылмыскерді көргендей- ақ жаңа бір,
Үстімізден тас боратты бар ауыл.
Лақтырған тас, тас емес-ау негізі,
Құрт екенін қайдан білсін қарауыл.

Елдің бәрі көмек жасап не түрлі,
Жанымызды сақтамаққа бекінді.
Лақтырған ақ құрттары олардың,
Біздің аппақ ақ арамыз секілді.

Сол құрттармен сейілгендей қара түн,
Жандарымыз жылынып еді, тоңатын.
Елге жаны аши тұғын жандарға,
Елдің жаны ашып жатқан болатын.

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық
техникалық жоғары колледжі.
«Ауылшаруашылық мамандықтар» бөлімшесі,
ВМ-15о оқу тобы, III курс оқушысы
Қуанышов Ақжол**

АЛАШ АЙБЫНЫ

Керілген кербез сұлу маңай дала,
Өтерсің көз тоқтатпай қалай ғана.
Атуда әр сәулесі бақ жолы боп,
Ақ таңы азаттықтың арайлана.

Бұл азаттық бізге оңай келген жоқ,
Ешкім оны сыйға және берген жоқ.
Осы жолда талай боздақ шейіт боп,
Жарқырайтын жұлдыздарым сөнген көп.

Алашымның арыстары айбыны,
Қазағымнан қуамын деп қайғыны.
Барлық күшін сарып еткен күреске,
Бостандық деп ұлттың ұлы байлығы.

Әлихандар қазағым деп қамықты,
Ұрпақ үшін барлық күшін салыпты.
Зиялы боп бас көтерген арысым,

Итжеккенге итарқасы барыпты.

Халық жауы атағанда сол заман,
Талай ана босағада боздаған.
100 жыл бұрын баскөтерген арыстар,
Ұлттық рухты, өр намысты қозғаған.

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық
техникалық жоғары колледжі.
«Теміржол» бөлімшесі, АТС-170 оқу тобы,
I курс оқушысы
Нағашыбаев Дәулеткерей Аралбекұлы**

ТАҢ АТТЫ!

(Алаш Арысы М.Дулатұлымен сырласу)

Таң атты...

Ең Ұлы Халықтың рухына боялып

Аспантек әлемге таянып.

Арманы түсі Әппәк

Бейітке сыймаған тағдырын құшақтап

О,неге кетпейді оянып?!

Ол неге сүртпейді жасын мың

Арғымақ дүбірін естіген ғасырдың.

Құрбаны болғанда құлқынның

Көз жасын сіміріп ұлтымның

Қара Жер Сен бәрін жасырдың...

Қара Өлең Сен бәрін жасырдың...

Ең нәзік Жүрекпен Ең Ұлы ойлардың

Тұмбасы тереңде

Түбіне бойлар кім?!

Санасы сыз етіп

Өлмейтін Арманды мәңгілік күзетіп

Рух тұнған жаныңа Қайранмын!

Айбарлым!

Мына Жұрт өзіндей сүйсе ғой даласын

Тұғыры табылып,ашылып Бар Асыл!

Маздаған Алауға кеудесін жылытып

Қәсіретті қайғыны ұмытып.

Тәңірді еткенді Жанашыр!!!

Пәкизат Арманның кең жайып қанатын.

Алаштың мұрасын арқалап Сан Ақын.

Қызына тағзымын жасайтын Гүл өзі,
Түн деген ұлтымның тұйықтау мінезі...
Күн деген Қазақтың бабасы болатын!!!

Хикматты тарихтың ғибратты жолы Бар.
Сәйгүлік ойлармен дүния соны ұғар.
Мәрт көңіл өміршең Өлеңге айналса,
Қарт Дала пейілге сай болса.

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық
техникалық жоғары колледжі.
«Ауылшаруашылық мамандықтар» бөлімшесі, ВМ-150
оқу тобы,
ІІІ курс оқушысы
Жантуғанов Бекболат Азаматұлы**

ӘЛИХАНҒА АРНАУ

Адамдығын адамдардан бөлектейтін,
Ерек еді сенің елден ерек кейпің,
Қарағанда сөзіне маған керек-
Көптеу еді сөзің жұртқа керек дейтін.

Үйде емес, жүзіп өтті түзде кемең,
Көңілің ашық болып бізге деген,
Төрелердің Әлихан төресі еді-
Тәтті тамақ, жайлы орын іздемеген.

Текті ұлы төрдегі текті еліңнің,
Алды болған алдағы бектеріңнің,
Әлихан алыбы еді алыптардың,
Нанын емес қамын жеген көк бөрінің.

Дәуренінде заманынның қақыраған,
Жау қалды ма сен ақылмен жапырмаған?
Қазағым деп мың градус отқа түскен,
Мен сені жақсы көрем батыр бабам!

Құр сөз айтып кетпейін ән қылып мен,
Таудан асқан толассыз жаңғырық е(ді)ң,
Алашорда көсемі ғана емес,
Мәңгіліктің ханысын мәңгілік сен!

**И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық
техникалық жоғары колледжі.
«Теміржол» бөлімшесі, ТХ-160 оқу тобы,
ІІ курс оқушысы**

АЛАШОРДА

Халқына жанашыр боп жүрген әркез,
Данагөйлер болды біздің тарихта
Бірақ оның даналығың көре алмайтын,
Қас, жауыздар оларды аяды ма?
Даналарым беріспеді, шыдап бақты,
Өмірінің жеткенше аяғына
Талайларды өмірге талпындырды
Өсиетпен көкірегі ояуына.
Ахмет, Мағжан, Мұстафа, Әлиханда,
Міржақыпта туралықты ұғынады.
Алыптардың біріккен ойыменен,
Алашорда үкіметі құрылады.
Осылайша қазақтың алыптары,
Бес саусақтай бірігіп жұмылады,
Елдің қамын ойлаған алыптарға
Кеңес үкіметі жау болып ұрынады
Алыптарға жалған жала жабылады,
Ержүректі жандар ед(і) шұғылалы.
Алыптардың ақиқаты айқындалған,
Ел біледі, кім жазықсыз? кім кінәлі?
Туын биік ұстаған ұрпақтары,
Даналарға арнайды жырын әлі.
«Мен жастарға сенемін» деп жырлаған
Мағжандардай әлі жастар туылады.

Қазалы аграрлы – техникалық колледжі
№17-4 «ЭВМ операторы» оқу топ студенті
Каренов Сүйеніш
Құттымұратұлы

КЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ

АЛАШ АРДАҚТЫЛАРЫ

Алаштың ардақтылары,
Жаңғыртып жер мен көкті.
Ешкімге тізе бүкпей,
Туған жер ,ел деп өтті.

Сіресіп қатқан мұзды,ызғары неткен,

Жүрегімде мұнды ізін салып кеткен.
Солақай саясаттың құрбандары,
Ел аңсаған азаттықты көрмей кекткен.

Еңсесі биік намыс тартпаған,
Қазағымның өрендерін мақтан тұтам.
Тар қапаста тұншығып жатса-дағы,
Егемендік елдікті мақсат қылған.

Елім деген алаштың арыстары,
Саналы ұрпақтарға таныс бәрі.
Себебі елі үшін еңбек еткен,
Атақ-даңқ қуып олар жарыспады.

Ешкімге құл болмаймын деп,
Елі үшін білім алды.
Атауын Алаш қойып,
Партия құрып алды.

Басқаның озбырлығын,
Тізімге тізіп берді.
Қазақтың шекарасын,
Картаға сызып берді.

Қайнатқан өлең-жырды қазанында,
Махамбеттей батыр бар қазағымда.
Халық үшін ханға қарсы сөздерін,
Жебе етіп іліп атты садағына.

Өсиет қып біздерге жазған хатын,
Еліне арнап еді махаббатын.
Құдай берді Шәкәрімді қазағыма,
Өлең-жыры мәңгілік сақталатын.

Отаршылдық көрсетті азап көптен ,
Қайрат, Ләззат,Ербол сынды бастап өткен.
Бейбіт шеру атауына сай келмейтін ,
Қанша жанды қыршыннан қиып өткен.

Солардың еңбегінің арқасында,
Атты ғой әрбір ақ таң ғажап.
Осындай ұлы тұлға бабалармен,
Мақтансаң мақтан ҚАЗАҚ .

Арал қаласы, №231 орта мектептің 9 - сынып оқушысы
Көбенова Гүлжайна

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Шайқалды сан мәрте,
Елімнің тұнығы.
Қазағым асылым,
Көк түрік сынығы.

Ілияс,Мағжан,Бейімбет,
Сәкен,Ахмет.
Орнатпақ болыпты,
Халқына нұр бақыт.

Күресті атсын деп,
Елінің ақ таңы.
Алаштың айбынды ,
Асылдай ұлдары.
Зиялы,жүректі,
Қорғанды тұлғалы.
Сын жерде етін сатпады,
Бақытқа жетсін деп.

Келешек ғасырлар,
Елінің ертеңін ,
Ойлады асылдар.
Еске алса ұрпағы,
Кеудеге өрт толды.
Алаштың ұлдары,
Ақ жолда мерт болды.

Үлгі бізге ағалардың ерлігі,
Талай ғасыр жырлап өтер елдігі.
Ахмет,Сәкен ер ұлдары қазақтың,
Мағжан,Ілияс ер данасы Алаштың.
Ал Бейімбет аспандағы жұлдызы,
Биігінде самғап ұшқан құндызы.
Ұмытпаймыз ерлігін ағалардың,
Дәріптейміз жырларын даналардың.
Бар Алашты татулыққа шақырған,
Бес арысы Алаштың даналары.

Арал қаласы, №231 орта мектептің 9 - сынып
оқушысы Қырымтаева Перизат

БИІКТІК (АЛАШ АЛЫПТАРЫНА АРНАУ)

Ерлер – ай, азаматтар, текті қайран,
Көргені – қуғын-сүргін,шетке айдау.
Тәңірім батпандай бір бақ бұйырса,
Бір қарыс сорын бізге жазып қойған.

Ұрпақ, сендер біліңдер ғасыр бұрын,

Өздеріңдей жастардың ашынғанын,
Тас түнектен жарыққа бастамаққа
Қыршыннан қиған атаң шыбын жанын.

Ұрпақ, сендер ұлықтандар есімдерін,
Адамдықта тұр олар көш ілгері.
«Қазақпын» деп мақтанған азаматтар,
Алтынмен қалған есте есімдері.

Ұрпақ, сендер түсініңдер қоғамында,
Өресі кең бабалар озық болған,
Панасы жоқ дәуірге болып қорған.
Надандық деп аталатын зор сұмдықтан,
Өр қазақты аман-есен алып қалған.

Талпынған ерлікпенен жарыққа мың,
Жоғарыға қояды халық бәрін.
Эверестей шыңдардан биік тұрар,
Биіктіктен айналдым, алыптарым!
Құлағымда олар айтқан тұрады үн,
Ізі өшпес олар жаққан шырағының.
Табылды айтқан біздер елміз –
Биіктікті өлшейтұғын.
Қанатымен қыранының.

Әділдікті іздеді, бір тынбады,
«Керек емес қазақтың құртылғаны»
Деп ұрандап масадай ызындаған,
Ахмет ата, Әлихандар өр тұлғалы.

Қай кезде де елінің жоғын жоқтар,
Жүректе – жігер
Көздерінде жалын от бар.
«Оян, қазақ!» деп ұран тастап еді,
Мағжан ата, Міржақып Дулатовтар.

Болмасын деп ұрпақ үшін бұлдыр күн,
Айқас болған ғасыр жуық, мың бір күн.
Орда бұзар отыз жасқа жетпей-ақ
Опат болған бір атаң,
Сен жиырмаңда нендей істі тындырдың?!

Бір ауыздан шыға білген көш - ұлы,
Еркіндік - ол Тәңір тартқан кесімі.

Ұлылықты ұлықтайтын ел үшін,
Қазақ – Алаш алыптары қатар келер есімі!

**Арал қаласы, Жұмаханова Көркем Болатқызы №19
орта мектеп, 11 оқушысы**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Қазақ деп тәуекелге тіккен басын
Қайратты,қажырлы да,мықты алашым
Ел үшін құрбан болып жан аямай
Жұрт үшін салған барлық жан таласын

Бал өмірін құрбан еткен еліне,
Парызың ғой оны білу сенің де.
Әлихандай ұлы көсем,өр тұлға
Бұл күндері бар ма елім, есіңде?!

Әлихан,Ілияс,Бейімбеттей талай жан
Талай арыс кетті ғой,орындалмай сан арман
Халық мұңлы,қайғылы, түсіп қалды еңсесі
Бүкіл қазақ көрді ғой қиындықты қайтадан

Біз көрмеген талай мұң,талай қиын көп күндер
Қазағымды салдыртқан аты жаман бұйрық көп
Елді алдаған билікте әділдік жоқ заңдық жоқ
Сол билікті жақтаған адамдарда паңдық көп

Халқым деп талайы тіпті көрген қапасты
Үкіметке қарсы шығып,бірнеше рет санасты
Ақырында жаза тартты барлығы да атылды
Халық болып жыларман,барлығы да қор болды
Дәл осылай жастардың жаны кетті қыршыннан

Талай боздақ кетті артынан аяй алмай шыбын жан
Халық сол бір батырларды құрметтейді мақтанып
Олар салған,із қалдырған дара жолды сақтаған
Мақтанамыз олармен құрметтейміз оларды
Таптатпаймыз ешкімге рухы биік намысты
Дәріптейміз әрқашан ұмытпаймыз біз мүлдем
Алыптары алаштың-тұлғалары тым ерен.

**Арал қаласы, №231 орта мектептің 9 - сынып оқушысы
Әбжами Ақнұр**

АЛАШ АРЫСТАРЫ АҢСАҒАН – ТӘУЕЛСІЗДІК!

Елің үшін жаның құрбан, арың құрбан,
Қақпанға түстің ерте залым құрған.
Ұрпағың оқып отыр «сен» туралы
Елі үшін отқа түскен «жалын жырдан».
Тәуелсіз ел болуды аңсағанда,
Алаш үшін қу жаның шаршаған ба?
Ұлтың үшін ұрандап ту көтердің,
«Азат бол» деп ,қазағым, бұл ғаламда.
Алаш туы астында аянбаған,
Маса боп шақ қазақты оянбаған.
Қамсыз жатқан қазақты қамшылаумен,
Бостандықты аңсадың қайран бабам!
Сен аңсаған келді елге егемендік,
Сен аңсаған қазаққа тиді теңдік.
Алаштың арыстары, сен аңсаған –
Тәуелсіздік ақ таңын біздер көрдік.
Өзге елдермен теңесті тереземіз,
Берік ірге, кеңейді керегеміз.
Алаштың арыстары, сен аңсаған –
Тәуелсіздік – бірлік пен берекеміз!

Арал қаласы
№260 орта мектебі, 9 сынып оқушысы
Арғынғазиева Назым Арғынғазықызы

АЛАШЫМНЫҢ АЛЫПТАРЫ

Сан ғасыр бостан болар күнін күткен , қазағым
Алаш елі, биік бүгін білімді ұлтпен заманың,
Талайларға тәлім берген жалпықазақ съезі
Тарих болып көне жұртта мәңгі қалар сабағың.

Алаш туын тік көтеріп, қыран құстай самғатып,
«Мынау жау» деп қаймықпаған бұқпантайлап қорғанып.
Мұстафа мен Әлихан, Ахмет пен Міржақып,
Қиналса да, қазақ үшін, шыдап бақты жан салып.

Өтті-ау талай зар азабың, тәртібің де қаңғырып,
Өз жерімнен шыққан гүлді өзімізге жұлдырып.
Саясат қып әдеміліп, айғыш-ұйғыш жол салып,
Алашымның алыптарын қарусыз сойдың заң құрып.

Сондадағы алыптарым текті қыран секілді,
Қомдап алып қанаттарын, қазақ үшін бекінді.
Қанына сіңген өжеттік пен рухы оларды оятып,
Көкжалдайын мерт болады, ұлты үшін қасқайып!

Айта берсем, қазағымның көп еді ау қолдан келгені,
Сан рет тоңып, сан рет құлап, сан рет ыршып терледі!
Сөйте тұра, кінәсіз жанға кінәлісің деп кінә артып,
Өз жеріне, өз құшағына, өз бауырына жерледі!

Сондадағы қорықпадың алпауыт елден қорғанып,
Сірә, қазақ қорыққанын көрсететін ел ма еді?!
Қанша жерден жеңілгенмен көтерілісте, күресте
Қайсарлық пен батыр мінез танытқаны – жеңгені!

Азат күннің, бейбіт елдің, шексіз жатқан кендердің
Барлығы да жеңісі ғой ерлер төккен терлердің.
«Қадіріне жетеді деп» ұрпағына қалдырған,
Алты Алаштың аманаты, жан тапсырған ерлердің!

Бүгін міне, алты алашым қуанышың тойлай бер!
Тәуелсіздік – ел тірегі, тереңіне бойлай бер!
Жер сенікі, байлығың да қара алтынның бәрі де,
Сен алашсың, самға талмай, қанат қағып жайнай бер!

Жайна елім, жайна жерім, айналайын Алашым!
Бүгін сенің туған күнің, 100 жыл толған бабасың.
Әлихан үшін!
Ахмет Үшін!
Міржақып үшін! мен бүгін,
Тойлап жаздым, ойлап жаздым, аруағы үшін бабамның!

Тойла халқым, бүгін міне, ғасыр толды «Алашқа»!
Ұлт мүддесі қорғалған күн, тойламай сен тараспа.
Алашымның алыптары бір аунап кеп марқайсын,
Ұрпағы үшін жасап кеткен еңбегіне қарас та!

ӘЛИХАННЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ

Қайран, жұртым, таға аламын кімге мін?
Сені сүйген айыбым ба, білмедім.
Саған деген сарқылмайды сезімім,
Түбіне әкеп шірітсе де түрменің.

Қандай нала айта аламын тағдырға,
Елім сені қалдырдым-ау зар-мұңға.
Лайықтымын дей алмаймын алғысқа,
Айыптымын болашақтың алдында.

Қайран, Алаш, босаған бар алтыннан,
Сенің үшін еш нәрседен тартынбан.
Күні-түні сенің қамың жегенім,
Үзді-ау ажал үмітімді сарқылған.

Жоқты тауып, ал барымды жоғалтып,
Жүрсем мейлі жүрегіме сор артып.
Жолыңды өлсем, ел аңсаған ерікндік,
Кешегі өткен хан Кенеден нем артық?!

Елін құлай сүйе алмаса ерге сын,
Ерін көкке көтермесе елге сын.
Қара бұлт боп түнергенде хас жауың,
Найзағай боп қақыратам іргесін.

Айдап, атып тектің менен арлыңды,
Оққа байлап елім деген тағдырды.
Кеңес дәуір кесім айтқан кесапат,
Елес қылды кешегі өткен бал күнді.

Бұралқы иттер тартса дағы балағын,
Мына мен ем басын иген адалың.
Пешенеме жазылғаны бұл ме еді?
Маңдайыңа сыймай кетіп барамын.

Адамзаттың таусылған ба арманы,
Жаңа ғасыр не сыйлайды алдағы?
Алты Алаштың ұрпағының келешек,
Жүрегінен орын алсам болғаны...

Жүрегінен орын алсам болғаны!
Қайран, Алаш...

Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы
Темірбек Жүргенов атындағы
№123 мектеп-лицейдің
11-сынып оқушысы Ахет Нұрбақыт Мадиярұлы

ҰРПАҒЫМЫН АЛАШТЫҢ

Мен қазақпын ұрпағы азат елдің,
Мен ізімін, түз жортқан азапты ердің.
Жан берісіп, әр бұта қадақ жерді
Найза ұшымен белгілеп қадап бердің.

Мен-көк бөрі,көк түйғын-қыраныңмын,
“Алаш, ” “ Абылай” , “Махамбет” ұраныңмын.
Желтоқсанның желінде майыспаған
Қайыспаған Қайратың,жыр-әніңмін.

Байтақ жерім шегіме көз жетпейді
Дұшпандарым аларып көздеп мейлі.
Мен тұрғанда намысын шарқайрақтай
Жанып алам,жалыным беттетпейді.

Мен-сынығы асылдың Әлихандай
Ақыл тұнған,көзінде қарыс маңдай.
“Алашым” деп аһ ұрып,аласұрды
Аждаһамен барыс боп алысқандай

Тулақ құрып тартқылап әр пұшпағын,
Талапайға салмақ боп тартыстады.
Әлімхандар Ермеков ерім екен
Жарып өтті бөгетті бар тұстағы.

Ахмет,Сәкен,Смағұл,Халелдерім
Бар айғақпен бұлтартпас дәлелдеді.
Тұтастығын жерімнің ата жұртым
Қалай ғана ұмытам бар еңбегін?

Маса болып оятып қалың елін
Үнпараққа Ахметтер жазып еді.
Мағжан ақын жастарға үміт артып,
Саналарға сәулесін жағып еді.

“Қазағым” деп қайысқан қаймақтарым
Ұйқы көрмей алысты жәй жатпады.
Дүбірлетіп даланы ,дауылдатты

Қыранымдай қанатты байрақтағы.

Ғасыр өтті тауларым алыстады
Көшпен бірге Мұстафа Қаныштарым
Қазан толды жасқа ма, шалапқа ма
Жас толқынның жүгі ауыр жарыстағы.

Арыстанның айбатын мен таңдағам
Жолбарыстың қайратын да аңдағам.
Тәуелсіздік- көк туым да қолымда
Күннен туған,ғұн баласы мен болам.

**Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Бұқарбай
батыр ауылы №33 орта мектеп 8 сынып оқушысы
Жетпісбай Дильназ**

ҚҰЛАТПАС ЕНДІ ЕШКІМ ДЕ!

Тұлпарға қонған қырандай,
Шыңдағы биік шынардай,
Қазақтың қайсар бабасы
Тарихқа таққан тұмардай.

Ерлікке жаны сыңардай,
Өрлікке қаны тұнардай,
Бабасы батыл қазағым,
Тарттың-ау тағдыр азабын.
Ерлікке бағы жеткенде,
Теңдікпен таңы өткенде,
Жатпаспын ауыз құлыптап
Бабамның үнін шығармай.

Керей мен сұлтан Жәнібек,
Тарихтан жеткен мәлімет
Хандығын құрып қазақтың,
Есінде елдің қалып ед(і)!

Білекте берік күш барда,
Найзамда болат ұш барда,
Төсіне жаудың түйредім
Белсенді шапқан дұшпанға.

Тобықты қақпан қысқанда,
Жоңғарлар шапқан тұстарда,
Ел болып үш жүз бірікті,
Абылай басын қосқанда.

Әйтеке, Төле, Қазыбек,
Үш жүзге билік жүргізеді.
Қазақтың шешен билері,
Алашқа алтын қазық еді.

Кенедей қанға тұншығып,
Еркіндік үшін құлшынып,
Кенесары болып кек жұттым,
Патшаға орыс қылыш ұрып.

Сүйекке терім жабысып,
Аштықтан кеуде қабысып,
Түйір нан тимей ұртыма,
Қастандық жасап ұлтыма,
Жауапсыз қалды жауыздар,
Жасаған әрбір құлқына...
Дәурен де өтті ау дәрменсіз
Өлім мен өмір алысып.

Жақ болып көрші орысқа,
Аттандым ұлы соғысқа.
Миллион болып кеттім де,
Оралдым жүз боп қонысқа.

Желтоқсан мұзын кештім де,
Көктегі бұлттай көштім де,
Орындап бабам қалауын,
Көтердім қазақ жалауын,
Жастығым тіккен байрақты,
Құлатпас енді ешкім де!

**Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы,
Мардан Байділдаев атындағы
№232 орта мектеп, 11 сынып оқушысы
Жаңабай Зылиха Бағланқызы**

АЛАШ

Қазағымның арыстары деп білем,
Тек дарыған нағыз батыр текіден.
Міржақып пен Байтұрсынов бабамыз
Маңдай терін бекер босқа төкпеген.

Алашым деп күндіз-түні тынбаған,
Сынақтарға төтеп берген мыңдаған

Дулат пенен Ахметтей бабамыз,
Маңдай терін төкті талай жылдаған.

Алашорда 100жыл жасап келіпті,
Жыр арнадым тілге беріп ерікті,
Құтты болсын қазағым-ау бұл тойың,
Барлығымыз тойлайық бұл жеңісті.

Қазақ елміз бірлігіміз қайнаған,
Көкпар тартқан, алтыбақан ойнаған.
Біз алаштың арысымыз айбатты,
Бастарынан бақыт құсы таймаған.
Жиырма алты жыл Тәуелсіздік тұғырым,
Бұл қуаныш қазақ үшін шыны шын.
Менде қазақ, қазақ болып өлемін,
Мен қазақпын, тек қазақтың ұлымын.

Алашымның арыстары Міржақов
Ахметтей бабамыз бар тұлға тік,
Сол бабаның ұрпағымыз мына біз,
«Қазақ» болу әр қазаққа шын бақыт.

Қазағымның басынан бақ таймасын
Күні көктен, тек биіктен жайнасын.
Жүз жылдық қып тойлап отқан бұл күнді,
Ұрпағымыз мың жылдық қып тойласын.

Бал тілімнен жырлар туар тағы мың,
Шын жүректен жырлап жатыр жыр қауым,
Құтты болсын, 100 жыл толған қуаныш!
Айырмасын тек бақыттан, тәңірім!

**Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Әбдікәрім Оңалбаев
атындағы №117 орта мектеп, 9 сынып оқушысы Мереке
Ермахан Мерекеұлы**

ЕЛ ҮШІН ЖАНЫН БЕРГЕН

Белгілі ғой жауымен алысқаны,
Қаны бір алты алашқа таныс бәрі.
Рухани апаттан құтқаратын,
Шіркін – ай, қазағының арыстары.
Ахмет, Мағжан ел үшін жанын берген,
Қараңғы қазаққа жарық таңын берген.

Еңсесін езгі басқан қазақтарды,
Оятып бойларына от, жалын берген.
Бас көтерген бодан боп жүрмеу үшін,
Орыстың қиянатын көрмеу үшін,
Өз жерін отаршылға беріп қойып,
Өз жерінде өзі құл боп жүрмеу үшін.
Өздері мұздай қару асынатын,
Күшімен атақ – даңқын асыратын,
Қараусыз елге аямай езгі салып,
Орыстар әлсіздерді басынатын.
Міржақып қазағымның атқан таңы,
«Оян, қазақ!» деп еліне аттандады.
Сұм патша үкіметіне қарсы шығып,
Айдалып, лагерьлерде аққан қаны.
Кезінде бодан болып жатты бәрі,
Еркіндік үшін боздақтар ақты қаны,
Аязды тас қараңғы түндерден соң,
Қазағымның жарқырап атты таңы.
Қазақтардың тарихы өтті солай,
Қазақтар ғажайыпты көрді талай.
Қалалар саф алтыннан болса – дағы,
Ұмытпайық, еркіндік келді қалай?

Жаңақорған ауданы
№229 «Абызтөбе» орта мектебі
8 сынып оқушысы
Дәулет Сұлтанғали

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Жазылып пешенеге ғұмыр көктен
Торқалы топырақты тұғырлы еткен
Шығыспенен Батыстың аралығын,
Тұлпарлардың тұяғы дүбірлеткен.

Қылп еткенде ақ алмас жанұшырар,
Жау болмаған қаһарға жаны шыдар.
Жүрегінде мөлт еткен мейірім бар,
Білегінде жарқ еткен намысы бар.

Міне, осындай кешегі нар бабалар,
Отан үшін отқа да жанған олар
Жау таптаса жер шетін тұтқиылдан,
Қылышын кекке қайрап, қанға малар

Зауалды жіберсе де қанша көктен,
Ада болған тәубәсіз барша әдеттен.
Ен даланы жайлаған емін- еркін,
Бабалар азаттықты аңсап өткен.

Тарихтан біздерге таныс бәрі,
Далада өнеге батыр, би, данышпаны.
Бабалар аманатын ту көтерді,
Алты Алаштың аймандай арыстары

Қайран ерлер терең ой, нар тұлғалы,
Төбіренсе де теңіздей тартылмады.
Бабалар аманатын алып қалып,
Елі үшін ақберендей жарылқады .

Оларды оятқан да елдік мұрат,
Еңбегін шайып кетті сел қып бірақ!..
Басын тікті ажалға алыптарым,
Егемен ел болам деп теңдік сұрап.

Кешеден бүгін бізге жыр жаңғырды,
Адаспайық ерлік-даңқ тұрғанда үлгі.
Арыстар Алаш үшін арпалысып,
Бастарын қазақ үшін құрбан қылды.

Тоғысса да тағдыры сан тараудан,
Тәуелсіз ел болуға аңсары ауған.
Зар заман запыранын жұтып жүріп,
Талмаған елдің жүгін арқалаудан.

Жүрмеген екен олар ғұмырда құр,
Бүгінде тау тұлғалар тұғырда тұр.
Қаралап келіп едік қанша жылдар,
Арыстардың арманын ұғынды ақыр.

Жасады өз дегенін жылдар ағын.
Сатқан жоқ бас қамы үшін ұлдар арын.
Ұлтын қалай сүюді ұғындырды,
Ұрпаққа тұғырдағы тұлғаларың.

**Жалағаш ауданы, Ш. Ермағанбетова атындағ
№246 орта мектептің 10 сынып оқушысы
Талапбек Нұрсұлтан**

МҰСТАФА ШОҚАЙҒА АРНАУ

Оқымадым көп жайтты өзің жайлы,
Бір басыңда болғанын қанша қайғы.
Тек білгенім анамның айтқандары,
Атам сізді үлгі етіп, пір санайды.

Келе-келе мен өстім, білім алдым,
Әдебиеттен құнды-құнды ілім алдым.
Бір күн түскен қолыма кітаптан мен,
Сіз туралы мәлімет көріп қалдым.

Иә, рас екен –ау, дедім іштен,
Анама да көрсеттім оны тіптен.
Елін ойлап, қамыққан ұлы барын,
Көбі білмей,мың ішінен бірі білген.

Аз болмапты қазақта ұлы тұлға,
Айналыпты ақ пейіл, қара сұмға.
Неден қателесіпті екен сол уақытта,
Бақытымыз айналды, неге сорға.

Неге біздер кеш білдік қадіріңді,
Қазір енді жоқтаймыз қабіріңді.
Кімдер қолдап, бір болды өзіңменен
Кімдер талқан етті екен тағдырыңды.

Әлде бізден қорықты өзге жандар,
Атар деп қазаққа жарқын таңдар.
Әйтеуір-ау, білмедім не болғанын,
Қудаланды Сібірге қанша жандар.

Алаш деген кеудеде сенім болды,
Елін сүйген жүрекке сезім толды.
Әділетсіздікті сезінген, көрген көздер,
Шындықтың ащы шумақ сөзін ойды.

Қудалады кең байтақ өз жерінен,
Аққу ұшты ұзаққа өз көлінен.
Өзге елде жазылды талай хаттар,
Өзектегі өкініш, жас боп ақты көзден.

Жаңа ғасыр, тәуелсіз ел,бәрі жаңа
Тарихымның тұлғасы сіздер ғана.
Салған соқпақ сұрлеумен менде жүрем.

Ертең жігіт ағасы, бүгін бала.

**Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
Ақай ауылы, № 99 орта мектеп
8 сынып оқушысы Алдоңғар Дінмұхамед**

АЛАШ ҰЛДАРЫ

Жоқтаймын бүгін, Алаштың арыс ұлдарын.
Жырларын оқып, өсиеттерін тыңдадым.
Жанарға келеді, өкініш жасы өзекте.
Жазылмай қалған кітаптай олар, беймәлім.

Барымды бар деп, жоғымды жоқ деп айталам.
Өскелең мына ұрпаққа менде ой салам.
Бақытты жанбыз тәуелсіз елде жүргенде,
Өз елің үшін, іркілме мүлде тайсалман.

Шығармасын оқып, үңілем ішкі жаныңа,
Қалады өсиет сөздерің менің жадымда,
Қамырын илеп, қара сөзбен өмірдің
Қиналды жаның, айталмай мүлде базына.

Жаңғыртсам деймін сендердің дара жолыңды.
Жинақтап барды, көбейтсем деймін қорыңды.
Заман ба екен, адам ба екен білмедім.
Азаптап сонша, қайнатқан мұнша сорыңды,

Іздейміз кейде кінәні мүлдем біреуден.
Бастайық сынды, ащы да болса өзіңнен,
Жабылып жақсы көрінсе игі төріңнен.
Көтеріп биік, қолдайық шын көңілмен.

Өмірден өткен өткінші жаңбыр секілді,
Ұмытпа бауырым, қадірле ұлы есімді.
Ей, елім, халқым қолдағы барды бағала,
Сүйе біл, өзен, тау, тасың, байтақ жеріңді.

**Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы,
Ақай ауылы, № 99 орта мектеп
8 сынып оқушысы Аязбаев Жалғас**

ТӘУЕЛСІЗДІККЕ АРНАУ

Тәуелсіздік еске түссе санаға,

Елестейді қырғын-майдан жанарға.
Күрескендер аға-әпке қаншама,
Азаттықтың туы үшін баршаға.
Жігер, қайрат аямады намысты,
Барлығына төтеп берді, сындырғандай қамысты.
Рухы жанып, жұдырықтай сілтеніп,
Тәңір өзі қарасқандай бар күшті.
Бабалардың басын қосқан қазағым,
Хас жауларын жерге тіккен мазарын,
Қанды алаңда қара жерін қорғаған,
Арпалысқан, елдік үшін боздаған!
Талай таңды атырды ызғарменен,
Дұшпандардың ізін аңдып көлеңкемен.
Батырлардың есімдерін сірә, да,
Жазып қойған кем де болар қыл қаламмен.
Төгіп кетті қарап тұрып, жүректегі қанды да,
Аналардың жанарынан аққан жасқа қарамай,
Найзасымен жинап рухын барды да.
Тәуелсіздік туын тігіп, ашылғандай ақ парак,
Алғыс айтар, ерлік үшін мына жүрген ұлы ұрпақ.
Ызғарында желтоқсанның желбіреген желегі,
Жеңіс алған бабаларға осы емес пе керегі?!
Шығысымда шуақты күн шырайлы,
Атқан таңым, батар күнім құрайлы.
Асу-асу белестерде бағынды,
Тәуелсіздік жүрек мұңын құрайды.
Ғасыр бойы жалғасады бұл жырда,
Жеткен де бар, жетпеген де бұл қырға.
Ұлы елім ұлылығын қашанда,
Жасайберсін шежіресін тарихта.
Тәуелсіздік туына жету үшін,
Батырларым аямады бар күшін.
Жанын қиып, қанын төкті қазағым,
Соқтықпалы заманында орындады арманын.

Қазақстан – Тәңірдің сен нұрысың!,
Атауыңның өзі сенің ұлы есім!
Қүдіретті – Тәуелсіздік шыңыменен,
Қара жерге иілемін басымменен!

Қармақшы ауданы, Төретап кенті
Жанқожа батыр атындағы
№269 орта мектептің 6-сынып оқушысы Бекбулатова
Аида

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Көкірегінде көрінген мақсат қарқын,
Терең ойлап түсінген өмір нарқын.
Армандары тәуелсіз, бейбіт өмір,
Ол біздің көріп жүрген өмір жарқын,
Алаш жолын ұдайы ескерем мен,
Көрмеген кедергіні кестеленген.
Қаншама қиындықты бастан кешіп,
Қаһарынан қаттының сескенбеген.
Оты бар жүрегінде лапылдаған,
Боларсың әрқайсысың ақыл-данам.
Ұлтын сүйген елінің азаматын,
Алаштың арыстары мақұлдаған.
Тәуелсіздік болған әсте тілегі,
Ел үшін тоқтамай соққан жүрегі.
Шәкәрім,Ахмет,Жүсіпбек пен Әлихан,
Болған-ды Алаштың алып тірегі.
Уламаған сананы еш надандық,
Жіберетін жан біткенді жаманқып.
Сайалы сара жолды дәріштеген,
Адамзатты алып қалған адам қып.
Бағындырар көп еді алып шыңдары,
Алаштың айбары өжет ұлдары.
Бостандықты көремін деп жүргенде,
Болып кетті-ау репрессия құрбаны.
Әр ғасыр сан жылменен тізілген,

Үмітім еш болмаған-ды үзілген.
Мағжан айтқан «Арыстандай айбатты»,
Ұрпағыңмын еріп жүрген ізіңнен,
Барлығың да алып болып қаласың,
Көшке сүйрер арда қазақ баласын.
Өзгелерден тірегі бөлек болған ,
Әрбірің айшық туған дарасың.
Қазағым ды салт-санамен сақтады,
Ел үмітін,ерлерін де ақтады.
Қаншамаға арман болған кезінде,
Атты бүгін бостандықтың ақ таңы.
Самғап көкте қалықтаған қыраны,
Тоқтамай шырқалатын ел ән-ұраны.
Елі үшін шырылдайтын келешек,
Мен болам Әлішер атты ұланы.

**Сырдария ауданы, Шаған ауылы
№37 мектеп – лицейінің 10 сынып оқушысы Әлішер
Оңғарбай**

АЛАШ АЛЫБЫ - ӘЛИХАН

Алыбы болған алаштың,
Сыйлаған елге азат күн.
Әлихандай аталардың арқасы,
Тәуелсізбін, еркін елмін, азатпын.
Біріктіріп басын қосты қазақтың,
Қуғын-сүргін бәрін көрген азаптың.
Туғанына 150 жыл толыпты-ау,
Ұлы тұлға алыбына алаштың.
Әлиханның анасы болған Бегім,
Сауатын ашып тегін жетімдердің.
Көкірегі ояу көзі ашық,
Әкелген Әлихандай дүниеге ерін.
Елемей қуғын-сүргінді,
Қамауға түсіп қаншама.
Қайыра түріп түңлігін,

Алып берді еркін мың күнді.
Зерделеген ұлт тарихын тереңнен,
Алаш атты идеясын ту еткен.
Көпшіліктің алдында сертін беріп,
Соңына дейін өмірінің қызмет еткен.
Бала күннен қарсы шығып қуғындарға,
Тәлім берген Көкжал Барақ Әлиханға.
Сұрағанда идеяның мәні неде ?
Деген екен қарсы шығамын қуғындарға.
Ұстанымын , ар-ұжданын сақтаған,
Тілін-дінін еш уақытта сатпаған.
Қазақ халқын адал қызмет етуге,
Тәрбиелеп әрқашанда топтаған.
Есімің тұр маңдайында қазақтың,
Алып бердің қазағыма азат күн.
Отарлық пен езгіден азат еткен,
Қабырғасы қайыспаған қазақсың.

Сырдария ауданы №44 орта мектебі
9 сынып оқушысы Зұлпар Әсел

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Сағымдай болып, мұнартқан сонау алыстан
Жүректе қонып, тарихқа келіп тоғысқан.
Ұмытпай әркез жанымда мәңгі тұратын
Қиылған ғұмыр, қыршындар алаш арыстан.
Тағдырлары тарихта тұр жатталып,
Есімдері ел есінде сақталып.
Құрбан болып, байтақ елдің жолында
Кейін ғана, жатты олар, ақталып.
Сәкен, Мағжан, Тұрар, Сұлтан, Бейімбет
Қазағымның жүрегінің төрінде ед...
Сыймай кеткен маңдайына алаштың
Еңіреген арыстар бұл «елім» деп.
Жайқалта алмай жапырағын, тамырын,
Солды қанша , аға-іні, бауырың.

Ілияс,Ахмет, Міржақып пен Әлихандар
Оятам деп қаққан дауыл дабылын.
Кешегі сол желтоқсанда жаңғырған,
Ұрандатып сантарапқа саңғырған.
Қайрат пен Ләззаттардың жан дауысын
Шығармастан басып-жаншып,қан қылған.
Жалау етіп,өлеңдерін арнаған,
Шындығын да шыңғыра айтып сайраған.
Маса болып оятам деп біреуі,
Енді бірі, күн болам деп самғаған.
Азат таңы 26 жыл атуда,
Тату-тәтті тұрамыз бір шатырда
Елбасымыз салған сара жолымен
Ұлы елге айналамыз жақында.
Дархан көңіл,жайсаң қазақ бүгінде
Көк байрағын желбіретіп төрінде.
Алаштар қозғалысының 100 жылдығы
Мерей тойы өтіп жатыр жерімде.
Тұспа –тұс келіп жеткен қасиетті,
Қыл қобызбен тізбектеп қасіретті.
Қорқыттай есімі бар университет
80 жылдық тойымен жақын келді.
Ынтымақ пен бірлікте жарасайық
Үлкен биік белестен әрі асайық.
Көбейсін.қазақ елім,қарыштасын
Махаббат пен бақытқа жол ашайық!

Сырдария ауданы , №132 орта мектебінің
10-сынып оқушысы Махамбетов Бекжан

АЛАШ ОРДАҒА 100 ЖЫЛ

Қалам тербеп ақынша жаздым өлең,
Ашылар шабытымда өлеңменен.
100 жылдық Алаш орда арысымның,
Айтайын ерлік ісін өлең сөзбен.

Алашта даңқы асқан батырларым,

Ахмет, Жүсіпбекпен ер Мағжаның,
Мылтықсыз ақ қаламын қару етіп,
Күрескен халық үшін Әлиханым.
Арқалап Алаш орда аманатын,
Жырға қостым тарихтың ақтаңдағын.
Халқына қалқан менен пана болған,
Жазықсыз жапа шеккен құрбандарым.
Елмен елді елдестірген дипломатым,
Елші атанған еңселі ер азаматым.
Алаштың аты шыққан ардақтысы,
Айтарым Төрекұлұлы Нәзір болмақ.
Бірге жүріп Сұлтанбек, Тұрарменен,
Жоғары оқу орнын ашқан дер ем.
Игеріп жеті тілді Нәзір елші,
Атанған зиялы жан білімі терең.
Елі үшін жанын еткен садаға,
Шексіз құрмет болу керек боздаққа.
Қадір тұтып, мақтан етіп ел-жұртқа,
Жыр-мұшайра арнауда жүз жылдыққа.

**А.Тоқмағанбетов атындағы №135 орта мектеп
9 сынып оқушысы Кеңесбайұлы Әлжан**

ЖАҢҒЫР ҚАЗАҚ, ЖАЛАУЫҢДЫ ТІК ҰСТАП!

Қасіреттен көтере алмай қанатын,
Мыңмен жалғыз алысқандар солар-тын.
Қазақ үшін жанын берген алыптар,
Алты Алаштың қайсарлары болатын.

Енді бізге оралмайды заңғарлар,
Сталиндік тозақтарда жанғандар.
Ахметтер, Жүсіпбектер, Сәкендер,
Ілиястар, Биімбеттер, Мағжандар.

Бет бағдарын бақиға бұрғандарым,
Қаралы жылдардай боп қарауытып,
Халқының мәңгі есінде тұрғандарым.
Құрбандарым, жазықсыз, құрбандарым.

Алты Алаш бар тарихқа мәлім еді,
Мұздақтар мұз жастанып өтпеп пе еді,
Азаттықтың жете алмай парқына
Жүрміз ғой алшаң басып бүгін міне....

Қайғылы қара күндер өтер ме екен,
Қолайсыз ,арсыз мінез бітер ме екен,
Ит болып ырылдасып, өткен жылдар
Есіне бұл ұрпақтың түсер ме екен?!

Желтоқсанда ізін жалғап солардың,
Жықпау үшін момын қазақ жалауын
Қайрат, Ләзат, Сәбиралар дем берді,
«Алаш» үшін соққылары кем бе еді....

Иә, біздер баба аңсаған азатты,
Көріп жүрміз, бізге арнаған ғажапты.
Ел басының қуаттауы деп білем,
Мәңгілікке «Ақ орданы» жасатты.

Төгілттім жырды ойдан, жүрегімнен,
Ұмытпаймын, бабаларды, «Алаш» деген,
Аш бөрідей жалаңдаған жат ағымдар бар....
Алла өзі сақтасын деп тілейтін ем,
Бейбітшілік таймасын бұл елімнен.

Рух жаңғырар жаңа дәуір басталды,
Қазақ жазбай, кім жазады, бұл дастанды?
Кемелденіп, ұлылырды ұлықтап,
Жаңғыр қазақ, жалауыңды тік ұстап!

Сырдария ауданы, Шаған ауылы
№37 мектеп-лицейінің
9 сынып оқушысы
Әбілдаева Нұрайым

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Алаштың алыптары – қаһармандар,
Қазақтың қамы үшін жасанғандар.
Сахара хәлін көріп, намысы өртеп,
Жүрек қайғы, көзіне жас алғандар.
Алаштың алыптары – арыстарым,

Өздеріңнен рух алып қарыштадым.
Тәуелсіздік алдық деп тәу етеді –
Бүгінгі ту ұстаған барыстарың.
Барыстарың - айбынды ел Қазақстан,
Мұхит асып келген жоқ бақ алыстан.
Кешегі Алашорда ұрпағымыз,
Аман қалдық аштықтан, жарылыстан.
Ажырап қалған сәтте тамырымыз,
Таңы атты Тәуелсіздік- жарығымыз.
Жетпіс жыл жау деп келген Алашорда
Болыпты ел қорғаған алыбымыз.
Өзімді – өзімізге айдап салып,
Елдің жауы атанды байтақ халық.
Алаштың алыптарын құрбан қылдық,
«Айт» дегенге еріп ап айтақталып.
Аңғал десем қайтейін, алашым ай,
Кей сәтте ес жия алмай қаласың ай,
Тізгіні бір биліктің қолға тисе,
Жұртыңа бір бүлікті саласың ай!
Сол зұлмат бізге сабақ болмады ма?
Бақ та бір, сор да бірге болғаны ма?
Алыптар қайдасыңдар, мен сенемін:
Асылдың бір сынығы қалғанына.

**Сырдария ауданы,
№126 орта мектебінің
10-сынып оқушысы
Кажденбекова Гүлнұр**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Ұлы жүрек сезген жоқ...
Таңбалы тарих, ақиқат ұлы, тұлғасы заңғар,
Білегі мықты, батырлары –мың басы жандар.
Тасадан атқан тастарды үгітіп еді, үттйін,
Ақындарының балағы мұз, шың басы- мәрмәр.
Жүрегі кең даланың төсіндей азаттық сүйіп,
Көзін жұмып тұрған жоқ, қазақ түксііп.
Әлихан, Мұстафа, Ахмет, Міржақыптар,
Арыстары, Алашымның –ғажап құт, биік.

Рухы өр,өжет намыс, кеудесі от өрепкіген,
Арылмай биігі ынжық, ал төрі ептіден.
Әр тамыры айналып, қара жер қазығына,
Жел жұтқанша, кеудесіне кигені берет күрең
Ел деп кесті тамырын, анасын иіскеп иіткен,
Жер деп тосты кеудесін, даладай жазық иық кең.
«Алаш» десе, ақтық демі естіліп ақырғы үннің,
Мұхамеджан,Халелдер қайырылған тұйықпен.
Азаттық күнде бесік тербеу-сенің анық ұраның,
Білім,тарих,елдігің,бостандығың- тұмарың.
Ағыспен келген толқыны жағадан алып ұрған соң,
Ұлы жүрек сезген жоқ, алыбы Алаш қыларын.

Қызылорда қаласы, № 144 орта мектептің
11 сынып оқушысы Бақытбек Назерке

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Қазақтыңзиялыларымәңгілік ел есінде,
Сен болсаңоларжайлыбілесіңбе?
Қазақүшінкүрестежанынқиған
Алаштыңалыптарытүседіеске.

Ахметбар,Міржақыпбар,Сәкенің бар,
Қазақүшінмыңөліп, мыңтірілер.
Отанүшінотқатүсіпкүйесіңбе?
Оңайжұмысемессоны сен сезесіңбе?

Жаламенжазalandы,кудаланды,
"Қазақ",-депайдауда да біртынбады.
"Ел намысынқорғаймыз",-депқарсытұрып
Қазірдесолмақсатыорындалды.

Мағжанымқазақүшінкөпқиналды,
Өлеңмененанасына хат арнады.
Ахмет те аз қиындықкөргеніжоқ
Абақтығамыңреттүсіп,кудаланды.

Міржақыбымхалықтыңкөзінашты,
"Оянқазақ",-депқазақтыжырғақосты.
Білімдідамытуғақұшсалғанмен
Қаралар жала жауып,көпқанады.
Алаштыңалыптарытырыстыкөп,
Газетке жарияландымақаладөп.

Жазаданқашқандықтанамалыжоқ
Араладықаланыамалсызкөп.

Алаштыңалыптары,
Соларғойқазағымныңданышпаны.
Бостандықтыңкөктуынкөккөкөтеріп,
Өзініңұрпағынатабыстады.

Бұларыстардай бола алмайдықазірешкім
Қазақүшінкүрестіүшжүзалпыс бес күн.
Сіздердіхалықсыйлап,құрметтейді,
Жылынаескеалмайбіркетпейді.
Оларқостыүлесінқазақүшін
Мен де қосамүлестібілімүшін
Ей,қазағым сен де күш сал әрқашанда,
Қорқасоқпаұлтынүшінешқашанда.

Оларсияқтызиялыболмасам да,
Ұқсапбағамболуға дара тұлға.
Алаштыңалыптарыұмытылмас
Сақталадыесімдері ой-санада.

**Қызылорда қаласы, Қ.Мұхамеджанов атындағы
№1 мектеп-гимназиясының
9 сынып оқушысы
Рақымжан Нұрсезім**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Талай қазақ «Алашым» -деп жырлаған,
Талай ақын тарихымды толғаған.
Мен де бүгін тарихымнан сыр шертем,
Әр сөзіме құлақ салғын тыңдарман.

Алаш үшін жанын берген бұл жандар,
Қазағымның қаһарманы болғандар,
Алашыма абыройлы, ардақты
Керейменен Жәнібектей сұлтандар.

Хандар көр дара жолмен жүріп өткен,
Хандар көп сараң болып есі кеткен.
Хақназар хан, Тәуекел мен Қасым хандар,
Әділеттік жолында терін төккен.

Кенесары, Сырымдай қолбасшылар,
Азаттыққа жетем деп ерлік еткен.

Шыңғыс ханның ұрпағы Абылай хан,
Үш жүздің басын қосып кеңдік еткен.

Дәл осындай батырлардың дара жолын,
Анық мақсат қадаммен жүріп өтем.
Кешегі алыптардың сара жолын,
Бойыма жас ұландық үлгі етем.

Қазағымның жеріне таңғаласың,
Құшағына баураған бар баласын.
Алыптардың арманы орындалды,
Бүгінде жарқырап тұр Алты Алашым.

Бәйге алар тұлпарларың жаппай бәрі,
Бар әлем бізді талай мақтайды әлі,
Тәуелсіз қазақ елім жайнай берсін
Желбіреп көк аспанда көк байрағы!

Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей
9-сынып оқушысы
Ақпанбет Дінмұхаммед Қайратұлы

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Ұмытылып барама қалып бәрі,
Алашымның бір туар алыптары.
Жарықсыз қара түнек қазағымның,
Жұлдыздай жарқыраған жарықтары.

Жүз жыл өтті бұл күні анық бәрі,
Емес – ау бұрынғыдай алып бәрі.
Жүз жылда не жасадық, не өзгерді?
Шүкір бүгін қазақ елі шарықтады.

Қазақпын деп қазақтар қара басқан,
Атты оларды жанарына қарамастан.
Бір жиналыс атуға бұйрық берді,
Ұлтшылдар деп билікке жағаласқан.

Жырлай берсем жетеді жайда қызық,
Жырлайын сырдың елін жайлап үзік.
Сексенге келіп қапты оқу орны,
Ұшырған түлектерді талай үздік.

Мерейінді асқақтатсын түлектерің,

Тұрсың-ау әр түлектің тілеп демін.
Сексен жыл құтты болсын Қорқыт ата,
Сыр елінің мақтанышы түлектерің.

Қызылорда қаласы, №114 орта мектеп
10 сынып оқушысы Серік Жанира Мейрамбеқызы

АЛАШ АРЫСТАРЫ

Қиын-қыстау ауыр күндер кешегі,
Ел жадынан қалай ғана өшеді!?
Ақыл таппай адасқанда қазағым,
Көш бастады Әлихандай көсемі.

Алашорда үкіметі құрылды,
Қазағым да жаңа жолға бұрылды.
Жаңа үкімет құрылғанның белгісі
«Алаш» дейтін жаңа дабыл ұрылды.

Міржақыптай ақын жанды ерлері,
"Оян қазақ" деп рух берді, ерледі.
Азат күнді аңсаған көп арыстар
Қазақ үшін күресем деп терледі.

Елі үшін жазаға да тартылды,
Алашымның басына мұң артылды.
Жоқты жасап, үзілгенді жалғаған,
Еңсесі кең арыстарым құртылды.

Туған ұлтын алға тартқан тұлғалар,
Болды ғой көп жоспарлары қолға алар.
Қиын-қыстау сол бір күнді еске алсақ,
Жүректер бар әлі күнге толғанар.

Арыстарын жүректерге сақтаған,
Бірлігі мықты ел болуды жақтаған.
Ел мен жерін, тәуелсіздігін қорғаған
Алаштың туын көкке көтерер ер болам!

Қызылорда қаласы, Ә. Молдағұлова атындағы
№173 орта мектебінің
8 сынып оқушысы
Абдукаликова Зейнекамал

ЕЛДІКТІҢ БАСТАУЫ - АЛАШ

Тәуелсіздік келген жоқ ол «аспаннан»

Тарихы оның тым ертерек басталған.
Бодандықтан құтқарамын деп елімді,
Қанша бабам кара жерді жастанған.

Аштық, нәубет, жаугершілік, зар-заман,
Қан мен термен ел еркіндігін аңсаған,
Жан-жақтағы шибөрімен күресіп,
Қайран қазақ қайғы шегіп шаршаған.

Ахметтей ұл біткен сол Алашқа
Түскені шын от пен шоққа таласқа.
Еңсесі биік ел болуды аңсады,
Көп өмірі өтсе дағы қапаста.

Болса екен деп егеменді өз жерім,
Сызып кетгі қазаққа біткен кең жерім.
Жазып та берді Ана тілді – әліпби,
Көзі ашық болса екен деп өз елім.

Қан іріңмен шайды білем өзегін,
Ойлан деп қазақ, жүрекке жазды өлеңін.
Аз болмады біздерде арлы тұлғалар,
Пида еткен жанын бостандық үшін, өренім.

Сол армандар орындалды бүгінде,
Қалықтайды қыран құсым көгімде,
Ахмет ата, көремісіз сіз бізді?
Қазақ елі қайта келді өмірге.

Тәуелсіз егеменді ел бүгін
Айқара ашты жабулы қалған түндігін.
Сіз аңсаған сүрудеміз елде біз
Ақталды қаның, жаныңды берген ерлігің!

Қызылорда қаласы
№215орта мектептің 10-сынып оқушысы
Кутышова Балзия Бақытжанқызы

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Тәуелсіздік аламыз деп еліне,
Өтті алаштың алыптары қаншама.
Азаттықтың азап жолы бәріне,
Оңайлықпен келген жоқ қой баршаға.

Өз елін жанынан артық көрген,

Ахмет Байтұрсынов болды көсем.
Абақтыда жатсада азап шегіп,
Тәуелсіз ел болуды аңсап өткен.

Сәкен, Мағжан, Жүсіпбек, Мұстафалар,
Алаштың алыптары нағыз солар.
Қуғын-сүргін көрді ғой елі үшін,
Есімдері ел есінде мәңгі қалған.

Жеңеді түбі әділдік бірақ,
Бейімбет Майлин, Міржақып Дулат.
Осылар нағыз алаштың ұлы,
Тәуелсіз болу халықтың мұңы.

Жазықты болды сол кезде бәрі,
Тәуелсіз үшін бастарын тігіп.
Қазақтың болған алаш ұраны,
Бақ қонды елге тәуелсіздік кіріп.

Еліміздің болашағын ойлаған,
Халқымыз бар алыптарды қолдаған.
Біздің ел Тәуелсіз, байтақ ел,
Жеңісте Әнұранын шырқаған.

Қызылорда қаласы,
К.Қаракөзов атындағы
№235 орта мектеп
7 сынып оқушысы
Шыңғыс Бейбарыс

АЛАШЫМ -АЙБЫНЫМ

Шырқау биік көгінде,
Желбіреген көк туы.
Басына бақыт дәл қонып,
Естілді тыныш, тәтті үні.
Тербетіп ана бөбегін,
Ақындар жазып өлеңін.
Жастары жарқын болашақ,
Елімнің көркі сенемін.
Бірлігіміз жарасқан,
Достықтамыз бар елмен.
Тереземіз тең біздің,
Бірге дамып әлеммен.
Тік тұрып сарбаз күзетіп,
Батыр да болған біз едік.

Ерлігін жасап ең ерен,
Бабадан қалған із етіп.
Біз Алашпыз әлемдегі рухты ел,
Қаныпез жауын.
Жан берісіп,
Жан алысып, жеңген ел,
Маңдай термен.
Қасық қанмен, еңбекпен,
Шыңы биік, жетістікке жеткен ел.
Бір кездері,
Қара бұлт төніп.
Қаптайды қазақ аспанын,
Жалыны сөніп,
Жігері жасып, қас қағым.
Көмегін берген сол сәтте,
Еске алайықшы
Алаштың арыстандарын.
Әлихан ата,
Кемеңгер болып,
Көшін бастап алаштың.
Күшінді салып.
Азаттыққа жол аштың.
«Қараңғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып күн болды».
Сұлтанмахмұт атамдай,
Жанашыр арыс кім болды.
«Он қазақ» - деп өлеңін жолдады,
Надандықты жою болды арманы.
Міржақып ата еңбегің кетпей далаға,
Жадымызда үнемі жаңғырып тұрады.
Жан беруге дайын болған тілі үшін,
Ахмет атам бес асылдың бірісің.
Қажыр – қайрат, барлығын да жұмсаған,
«Алаш» атты, «қазақ» атты елі үшін.
Партия құрып,
Тарихта қалды.
Өзінше ерек іздермен,
Үмітін жағып,
Алаш жанданды.
Сіздер жасаған істермен.
Миыма жетпіс түрлі ой түскенмен,
Алаштың арыстарын ұмытпаймын.
Бар күшіммен, қолымнан келгенінше,
Кейінгі жас ұрпаққа ұлықтаймын.

Қызылорда қаласы, №257 орта мектеп
10- сынып оқушысы
Ахат Орынбасар

МЕН АЛАШПЫН, ЕГЕМЕНМІН, ДЕРБЕСПІН!

Тапқандаймыз өрелі істің өресін,
Татқанқандаймыз Тәуелсіздік жемісін.
Жар салатын біздің ұран бүгінгі
Ұлтаралық татулық пен келісім!
Тәуелсіздік бағасын шын ұғынар,
Тәубелі елміз, тәңіріне сыйынар.
Бүгін бізді барлық халық қолдайды
Жүрегінде жылы шуақ нұры бар.
Кең далалы, кең пейілді қазақпыз,
Бодан емес, еркін жанбыз, азатпыз.
Қас тағдырдың қиқаңына көнбейміз
Ел намысын ешбір жанға бермейміз!
Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,
Бізге бұны ешкім қолдан бермеді.
Тәуелсіздік-Қайрат,Ләззат,Ерболдың
Ержүрек алыптардың аңсағаны, кемелі!
Алаш боп туған ер едім,
Салтымды ұстап келемін.
Мағжан айтқан өсиет:
«Мен жастарға сенемін!»
Қазақстан-көк желекті нұрлы аспан,
Құт мекенім тарихпенен сырласқан.
Алыптардың даласысың кең өлкем,
Мұра болар ұрпақтарға бір дастан!

Қызылорда қаласы, №264 мектеп-лицейі,
10 сынып оқушысы Райбекова Сағыныш

ТАР ЖОЛ,ТАЙҒАҚ КЕШКЕНДЕР

Қамалдың қараңғыда,қалың қазақ,
Қайратсыз,камсыз құрып қалдың,қазақ.
Мұқағали жолыменен өлеңдеткен,
Елден ерек қайдасың дана қазақ?!
Екі ғасыр Ресейдің боданында
Тордағы құстай болған дара қазақ.
Өзін-өзі билеушілік құқығынан

Бұғауда айырылған, қайран қазақ,
Қызметтің жолына жалтақтамай,
Жанқиярлықпен күресті зиялылар.
Бар күшін бір белдікке буып салып,
Халықты оятуға тырысқандар.
Ресейде үлкен төңкеріс болды міне,
Азаттықтың ақ таңы көрінді әне.
«Ақпандай» алапат төңкерісі
Себеп болды оянуға мына бізге.
Монархия құлады, Кеңес болдық,
Азаттыққа қадамдап жақындадық.
Саяси күрестің қызу додасына
Шүкір етіп Аллаға, жаңа шықтық.
Ұлтын сүйген ұлтжанды азаматтар
«Алаштың ордасы» деп партия құрды.
Жалпықазақ съезінде зиялылар
Орынборда бұл шешімге қол қойды.
«Алаштың» төрағасы – Бөкейханов,
Халықтың бар жүгін арқаланып.
Алтындай әріптермен жүректерде
Орнын алған тайсалмай ойып тұрып.
Қазақтың мақтанышы Жұмабаев,
Және бар тағлым болар Торайғыров.
Қазағымды қалың қайғы қаптағанда,
Тыныштығын сыйлаған Тынышбаев.
Байтұрсыновтай бар дара тұлғам
Мұстафа жарқырап, жұлдыз болған.
Бірі айы, бірі күні болып,
Дулатовта қазаққа бола туған.
Алаштың идеясы халық үшін
Көркейту мақсатында арналады.
Ояту бар мақсаты бұқараны
«Қазақ», «Айқап» газеті шырылдады.
Кейінгі «желтоқсан құрбандары»,

Сол пікірді қайтадан қайталады.
«Қызылдар қырғынының» құрбандары
Жаңғырту мақсатында жұмылады.
Тар жолда тайғақ кешкен ұлтжандылар
Қараңғы көкке күн боп өрмеледі.
Саясаттан хабарсыз шаруаларға
Елдікті, болашақты көрсетеді.
Қан мен терін, жанын салып жерімізде
Саясаттың іргесін қалағандар
Алаштың арыстары елімізде
Демократия ізін ойып салғандар.
Төрдегі орындарға жайғастырсақ,
Басымызды исек те артық етпес.
Дәл осындай қазақтың ағасындай
Ешбір жан саясатты тиек етпес.

**Қызылорда қаласы, №10 дарынды балаларға арналған
облыстық «Білім-инновация» лицей-интернатының 9-
сынып оқушысы
Орынбасар Аружан**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Алыптары алаштың бетке ұстар,
Бойларында олардың алып күш бар.
Өз ғасыры мойындағы алыптарды
Әрқашанда біздің жастар алыпқа ұқсар.

Мықты болды алаштың алыптары,
Мақтады әркез қазақтың халықтары.
Халық үшін аянбай еңбек еткен
Алыптары алаштың мықты неткен.

Әуезов пен Шақановтай атам бар
Осылардың өлеңдерін жаттаңдар.
Алыптардың өлеңдерін айтыңдар
Деген кезде, білмеймін деп қатпаңдар.

Абай, Жамбыл, Ахмет,
Сіздер үшін жүрек тұрады дүрсілдеп.
Елімізді қорғағандарыңыз үшінде

Айтамын сіздерге әркез рахмет.

Мен де бір алыптардай боламын,
Алыптардың алтын жолын саламын,
Шабыт алып ақындыққа беттеймін
Өмір бақи ақын болып қаламын.

**Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей
8 сынып оқушысы Абжапбар Жомартбек
Қанатбекұлы**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Көк аспанда Алашымның даңқы көкке өрлеген,
Мен Алаштың ұлымын болашақты сермеген.
Мен қазақтың батырмын, батыл ермін,
Ілияс, Сәкен, Бейімбет салған жолдың ізімін.
Мен Жамбылмын, рух беретін халқыма,
Ұрандатып қарсы шығар борандатқан майданға.
Мен Абаймын қара сөздің шебері,
Тәлім алып, жігер алам бойыма.
Мен Мұхтармын әлемге атым шарлаған,
Бүкіл әлемді тарихыменен тармаған.
Отырарды жырлаған Мұхтармын мен,
Қазақ дейтін өр халықтың тіліменен.
Алыптары Алаштың жадымда менің сақталған,
Есімдері олардың жүректерге жатталған.
Мен Алаш ұлымын, қыран болып самғаймын,
Алты алаштың асылдарын жүректерде қорғаймын.

**Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей
8 сынып оқушысы
Азизов Олжас**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Күн туғанда басына алты Алаштың,
Өр ерлікпен ел үшін жанталастың.
Ерлер қанша от кешті етегімен,
Қамын ойлап қажырлы бар қазақтың.
Арқа тосып алыптар айқасында,
Рухы мықты болған соң шайқастарда.
Шашасына шаң жұқпай озып келді,
Жүйрік мініп, қасыңда байрақ бар да.
Қан кешкенін батырдың, азаматтың,
«Тарих» деген қос беттен саралаппын,
Алты Алаштың айбынын терең ұқтым,
Бірақ, балаң жүректі жаралап тың...

Көздері ашық, көңілі жарқын еді,
Бар қазақты бауырлап «халқым» деді.
Алыптары Алаштың мәңгі өлмейді,
Ұлы ұрпаққа ұрап боп қалсын енді.
Мен қазақпын ерлерді жырға қосқан,
Ақиқатқа жақынмын, сұмға дұшпан.
Көкірегімде тұма жыр тұнып жатыр,
Мен азатпын елдікке жырға құштар.
Арыстанмын, өлген жоқ, өлмейді де,
Арыстанмын сөнген жоқ, сөнбейді де.
Туған тілдің мәртебесін көтеріңдер,
Мәңгі бірге жасаңдар бірге елмен!

Қызылорда қаласы, №11 мектеп-лицей
8 сынып оқушысы
Амангелді Шаттық Жеңісбекқызы

ҮШ БӘЙТЕРЕК, БЕС АРЫС

Үңілдірсе тарихқа ой тереңі,
Есте сақтар қазақтың байтақ елі,
Ілияс, Сәкен және Бейімбет қой -
Қазағымның алып үш бәйтерегі.

Елі үшін күндіз-түні толғанатын,
Бес арыс – Шәкәрім мен Мағжан ақын,
Жүсіпбек пен Міржақып және Ахмет,
Адамдар болған екен елге жақын.

Сұлтанмахмұт елінің күні еді ғой,
Дөнентаев халқының үні еді ғой.
Мұстафа Шоқай аңсап еркіндікті,
Елі үшін жанын қиған ұл еді ғой.

Сол бір шақта қиналған көпке елендеп,
Бәрі ер еді елі үшін еткен еңбек.
Қазақ елін шақырған ынтымаққа,
Бәрінде де күш берер отты өлең көп.

Тәуелсіздік бәріне болып арман,
Ел тағдырын бәрі де қолына алған.
Ел-жұртын сүйгені үшін кінәлі боп,
Мерт болды бәрі дінсіз тағылардан.

Тәуелсіздік таңы атып енді бүгін,
Күні туды қазақтың елдігінің.

Қазақстан – тәуелсіз елде туған,
Бақытты Отанымның мен гүлімін.

Тәуелсіздік келген жоқ оңай бізге,
Сеземіз тарихқа оны қарай біз де.
Өтті ғой Желтоқсан да дауылдатып,
Түсіріп бір көлеңке талай жүзге.

Біз – бабалар жолының жалғасымыз,
Елдің бойда намысы бар жасымыз.
Тұрды ғой тәуелсіздік алған жылдар,
Барлық істің басында Елбасымыз.

Еліміз азат таңды атырды енді,
Ұлы істер шын жайнатып жатыр белді.
Елбасы болашаққа бағдар беріп,
Рухани жаңғыруға шақырды елді.

Қайта оянып бес арыс, үш бәйтерек,
Соқты олардан санаға шын қайта леп.
Бізге бүгін бәрі де: Абай, Жамбыл,
Тұманбай, Қадыр, Қасым, Сырбай керек.

Ұлттық салт-дәстүрлерге тиіп төр де,
Бейбіт күн болсын әркез сүйікті елде.
Оятып санамызды баба рухы,
Көк байрақ желбіресін биіктерде!!!

**Қызылорда қаласы №267 орта мектептің
6 сынып оқушысы Берік Алтынай Айбекқызы**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Ежелден келе жатқан қазақ халқы,
Бостандық, тәуелсіздік керек жалпы
Ойларымен көптен туған ата-бабаң,
Партия құрды алаш алыптары.

Төраға Әлихан Бөкейханов болған екен,
Мақсаты айқын, нақты неткен!
Автономия құра да, ойлай білсем,
Елімнің бостандығын алып берем.

Оқуға да шақырар Ахмет ата,
Оқыту мәселесі қаралса деп.
Он жетінші жыл еді бұл кез сонда,

Алыптар жаны шыға қорғаған кеп.

Оян, қазақ!-деп шырқайды Міржақыптар,
Қазақтың көзін ашып әлі көптеп.
Ел болсақ, дара тұрған өзгелерден,
Арманы партияның көп пе екен?

Бұл үштікке қосылған көп-ақ адам,
Болмады тағдырлары ұзақ бұдан.
Жиырмамыншы жыл келіп, Ресейліктер,
Құлатты партияны сонда бұлар.

Атылды, қаза болды кінәсіздер,
Ойлады қара басын тәуелділер.
Қорқады, бата алмас бұл жалпылар,
Өмірін қорғап қана кінәліден.

Қазір біздің шаттана жүргеніміз,
Уайымсыз, ойнап қана күлгеніміз.
Барлығы бізді ойлаған аталардың,
Ерлігінің арқасы деп білеміз.

Құрметте, ізет тұтып алыптарды,
Еске алып, атақ берсең оған жалпы.
Жан айқайын сезінсең ел болармыз,
Армандарын орындап, болашақты.

Дамушы ел қатарына кірдік, міне,
Абыройлы, тәуелсіз ел болдық, міне.
Мұның бәрі Елбасы арқасында,
Жүзеге асырылған жұмыс кәне?

Ехро көрмесі де болды даңқты,
Мақсатымыз бар аса үлкен жалпы.
«Мәңгілік ел» атанатын Қазақстан,
«Тек алға!» дей берейік, қазақ халқы.

**Қ.Мұхамеджанов атындағы
№1 мектеп-гимназиясының
8 сынып оқушысы
Мұстафаева Гүлжан**

АЛАШ АРЫСТАРЫ

«Халқыма» деген ұлы шартынменен,
Өр рух,бекем болмыс нарқынменен.
Ел есінде мәңгілік сақталады,
Бабаларым, аяулы жарқын бейнең.

Басына құтты болған дара бағы,
Қазақтың ақылы асқан даналары.
Әділдік өздеріңнен таралады,
Алаштың арда туған даралары.

Ешқашан беріспедің, қалыспадың,
Көкжиегін көздедің алыстардың,
Құрметтісің сол үшін өз халқыңа,
Арыстарым,ұлы дана,данышпаным.

Қазағымның Тәуелсіз ақ таңында,
Өз халқың өздеріңмен мақтануда.
Төбесі көкке жетіп ұрпағыңның,
Өзің жайлы бар сырын ақтаруда.

Тектіліктің сом бейнесін жасаған,
Алашымның арыстары - бас адам.
Уа,қазағым,арыстарға бас игін,
Олар сені алып шықты тасадан.

Жала жапты оларға адам талай,
Ойы болса «Ел жайын табам қалай?»
Халық жайын ойлаған асылдарға,
Күнә тағар ойларын бағамдамай.

Бейбіт елге жауларын жақындаған,
Қара жаудың тарттырар хақын далам.
Жеңе білген көреген істерімен,
Алашымның арыстары - асыл бабам.

Елі үшін қорлық көріп үрейленген,
Жасқанбай қара тұман дүлейлерден.
Төзе білген бар азап,қияметке,
Үлгі алайық арыстардай ұлы ерлерден.

Қара ниет жауынан жасқанбапты,
Бабаларым өр кеуде,тастан мықты.
Толарсақтан саз кешкен қазағым деп,
Арман етті жандарына бостандықты.

Арда тұтып өзінді саналы елің,
Ықыласына бөлендің бар әлемнің.
Арыстарым, өзіңсің бір мен үшін,
Иесі де киесі қара өлеңнің.

Арыстарым, ақылман, кемеңгерім,
Тәуелсіз елімді бір көрер ме едің?
Көп жанды ұмтылдырдың өзің алға,
Бойыңа қуат беріп өрендердің.

Арыстарым, армандарың орындалды,
Саған арнап жасалды мұның бәрі.
Қалам алып тәй-тәйлап қадам басқан,
Жалғасыңдай көр мені соңыңдағы.

Өмірден көріп түрлі қаһар барын,
Егемен болсын дедің атар таңың.
Қапиясыз елі үшін ерегескен,
Арыстарым-ұлы бабам, қаһарманым!

Істерімен саналы, сарасырлы,
Даналығы өзіне жарасымды.
Ғасырлардың көшімен, Арыстарым,
Жебей жүрші мәңгіге қазағымды!

Өзің жайлы мен де жыр жазам енді,
Ерліктерің ерліктің ғажабы еді.
Құрбан болған елі үшін өздерінді,
Ұмытпайды мәңгіге қазақ елі!

Қызылорда қаласы,
№10 дарынды балаларға арналған облыстық
«Білім-инновация» лицей-интернатының
9-сынып оқушысы
Жұмажанова Дильназ

АЛАШ АЛЫПТАРЫНА

Төбемдегі күнім бар өшпей-тұғын,
Елім бар жерн тастап көшпей-тұғын.
Қазағымның тарихы қалың тарих.
Батырларын ел есінде сақтай тұғын.

Кешегі Бөкейханов Әлихандар,
Сұрасаң бата берер қариям бар.

Елі үшін жанын берген батырларым,
Шоқаұлы, Байтұрсынов-ұлы адамдар.

Алаштың арыстары таудай болған,
Ары менен намысын бермей қолдан.
Қазағымның күншуағын ашып берген,
Таймай тұғын елі үшін ұлы жолдан.

«Оян, қазақ»-деп айтатын қазаққа,
Шыдады ол тау көтермес азапқа.
Ардақтым бар Бөкейханов Әлихан,
Аты өшпес азаматы қазаққа.

Өлеңдері жүрегіме нәр берген,
Елі үшін ажалға да тең келген.
Ақыным бар Мағжан аты Жұмабаев,
Қиындықта, қуанышта бірге елмен.

Қазағымның көгіндегі күні ол,
Болам десең осы адамдай ұлы бол.
Атам ғой бұл Ахмет Байтұрсынов,
Қазағыма салып берген сара жол.

«Жас қазақтар, қайдасың» деп айтатын,
Қорғай тұғын Алаштың өр ойпатын.
«Елім-ай» дейтін Міржақып Дулатым бар,
Біздер үшін азапқа барып қайтатын.

Нәр беретін мәңгі дала төсіне,
Мақтанышпен үн қатамын көсіле.
Асыл ері Мұстафа Шоқайұлы,
Алла берген қазақтың бай жеріне.

Тәуелсіздік таңына жетейікші,
«Солай ғана өмірден өтейікші!»
Деді ғой Алаштың алыптары,-
Бейбіт елдің қиналғанын көрейікші!

Орындалды Алла қалап армандары,
Қазағымның әлі де самғар бағы.
Бабалардың армандары еш кетпеді,
Бүгінгі ұрпақ әліде жалғар әнін.

Арайланып атсыншы күні таңғы,

Әрбір өткен уақыттарың болсын мәнді.
Ұлы өлкеме тілейтін бр арманым,
Қазақстан, тыныштығың болсын мәңгі!

**Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті №11 мектеп-лицей 9
- сынып оқушысы Ертөре Мұрәділ**

АЛАШ АРЫСТАРЫНА

«Алаш» деп жаздым жырымды бастап баяу,
Салады екен төрт әріп жанға қаяу.
Сілтідей тынған кезімде, шабыт келіп,
«Ақты жылап қаламнан қара бояу».

Жаксыны жау деген сұрқия заманда,
Шындық деп шырылдау – қорқыныш санамда.
Алайда үрейі ел үшін көмілген
Міржақып, Әлихан, Ахметтей бабама.

Зәрлі үнмен «Жатпа қазақ, оян!» дейді,
Оятуға болмасын білсін мейлі.
Күллі әлем көзімді жапса-дағы, –
Міржақып кеп, ұйқыны жоям дейді.

Ел үшін туған арыстар, қайрандарым,
Сендермен бірге атылғам, аққан қаным.
Он төрт кітап жазғанда қалам алып,
Таусылмады ма көз майың, ер Ахаңым?

Жырыма қуат береді олар менің,
Сейфуллин, Жансүгіров, Майлиндерім.
Зиялылар көздеген көп мақсаттар
Бүгінде шарлап жүр-ау қазақ жерін.

Сендерден хан, батырлар жүзін көрем,
О арыстар құдіреті, неткен көп ең?
Рысқұлов, Жахандарым, Ермековтар,
Мағжаным жүрегімде бөлек өлең.

Мұстафам, Торайғыров, ұлы бәрі
Алашорда – қазақтың тұғырлары.
Таусылмайтын томдардай аңыз болған
Ел үшін садақа еткен ғұмырлары.

Ұлымның өр көсемі – Бөкейханов,
Өтем сені Махамбет деп мәңгі танып.
Алғашқы деміңді алдың-ау байыппен,
Қазақтай еліңде тәуелсіз таң атып.

Отырған сәтімде оларды жыр қылып,
«Алаш» деп жүректен шықты-ау жаңғырық.
Арыстар жебеді, өзімді танымай
Жапанда дымсыз боп кетпедім қаңғырып.

Ұйқыдан тұрмаған қазақтай жұртына,
«Оян!» деп келді олар, маса боп ұлтына.
Қараңғы бұлт келіп, беттерін жапса да, –
Күн болып шықты кеп, «қазақ» деп жұлқына.

Халқының бар мұңын жоқтаған тарланның,
Бейітін қиялмен биік қып қаладым...
Қазақты ұлт етіп сақтаған Алашты
Алланың жіберген сыйына санадым...

**Қызылорда қаласы,
№10 дарынды балаларға арналған облыстық
«Білім-инновация» лицей-интернатының
9-сынып оқушысы
Шайық Жанель**

АРНАУ

Қорқыт ата атындағы
Білім ошақ ордасы
Шәкіртіңмен білімді
Елімізді қолдашы

Жоғарыда ілімнің
Таудай биік білімнің
Ұрпаққа сыйлар ақ жолын
Ақ қарындай шыңының

Білім Орда құтты болсын
Сексен жылдық мерекең
Босағанды аттаған жан
Кішігірім ел екен

Білім ошақ ордасы
Тұғырың болсын мәңгілік
Тамырын ұрпақ тереңдет
Рухани жаңғырып

Сыр елінің қаласы
Алаштың болған анасы
Кіндігі жердің киелі
Бабаның Қорқыт панасы

Алладан азат сұраған
Алаш басын құраған
Айырдау ата мұрадан
Кешегі кеңес құлаған

Төңірекке көз таста
Алаш бүгін жүз жаста
Бас иейік ағайын
Тағзым етіп әруаққа

Егеменнен нәр алған
Жиырма алтыда жас бүгін
Тәуелсіздік орнаған
Қуанышты шақ бүгін

Тәуелсіздік таңында
Арайланып атты күн
Желбіреді биікте
Қазақстан көк туың

Егеменнің жолында
Құрбан болып қанша адам
Ата баба аңсаған
Тарту етті жол саған

Желтоқсанда ызғарлы
Аппақ қарда із қалды
Отан үшін от кешкен
Ұмытпа ұл мен қыздарды

Қорғауға отан жараған
Егеменді қалаған
Көз жұмған Ұлы дала үшін
Қымбат қой бізге әр адам

Батырларға тағзым ет
Шығармай ұрпақ санадан

Жанын қиып елі үшін
Келмеске кеткен арадан

Ардақты алаш данадан
Нар тұлға ұрпақ тараған
Егеменім елімнің
Қорғауға тиіс бар адам

Қызылорда қаласы, №144 Сақтапберген
Әлжіков атындағы орта мектептің
11 сынып оқушысы Қарасай Балнура

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Алашымұлы ақ ордам қонған жерім,
Құбыла жайқалған Байтерегім.
Шырағы сөнбеген байтақ елім,
Қыраны тулаған тұлпар еді.

Менің елім Алаштай арыс еді.
Болашағы жарқын, бағыты кемел еді.
Ұлтымның қорғау салған бабаларым,
Ақылгөй, дана, батырларым жатқан жері.

Асылым едің алаштың аналары,
Асылым едің алаштың батырлары,
Асылым едің алаштың даналары,
Асылым едің алаштың ақындары.

Шайқалды сап мәрте елімнің азаматы,
Ұмтылды азап-мұңнан бас көтерген.
Қазақтың зиялы Әлихан мен Мұстафасы,
Күрескен талай мәрте ату деп жазаласын.

Тіледі халықтың нұры жаусын,
Еліне ақ таңы атылсын деп.
Қорғады тұлғалы, жүректі даналарым,
Келешек бақыт ғасырға жетсін деп тер төккен бабаларым.

Ойлады асылдар елінің ертеңінде,
Ойлады халқының тірегін кеп.
Еске алса ұрпағым бабаларды,
Жүрекке ауыр тиер, алаштың ақ толда мерт болған.

Күн туды күлімдеп, шықырайып,
Асылдар аңсаған ұрпағы бүгінге кеп,

Жетті ғой қыранды кең байрақ биікке,
Елтаңба қос пырағым, алысқа жет енді деп!

**Қызылорда қаласы, Қ.Мұхамеджанов атындағы №1
мектеп-гимназиясының
9 сынып оқушысы Хусайнов Дастан**

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНЫМ

Іргесі нық, шұғылалы ертеңі,
Желбіреді татулықтың желкені.
Тірлігіне жарастырған бірлігін,
Қазақстан! Бұл-ырыстың мекені.

Сабак алып өткен күннен сындарлы,
Бағындырып келеді елім шыңдарды.
Тәуелсіздік-бағаң қымбат халқыма,
Ұмытпаймыз нәубет төнген жылдарды.

Сыр шертеді ұлы тарих беттері,
Оған куә «Елім-айдың» жеткені.
Аштық жайлап, сандалғанда қазағым
Мұқалмаған рухы биік текті еді!

Қазағым деп бәйгеге сап бастарын,
Арындаған өр намысты жастарым.
Қорған болып алыптары Алаштың
Нар тәуекел ұлы іске бастадың.

Орындалды арман болған ізгі ісің,
Өздеріңе орнатамын жыр-мүсін.
Темірбек пен Ғани, Ахмет, Мұстафа-
Жас ұрпаққа нұрын шашқан үлгісің.

Тілім, дінім, дәстүр, салтым, жоралғы
Санамыздан жетпіс жылдай жоғалды.
Оқиғасы Желтоқсанның қозғау сап,
Ұлттық болмыс, бар тірегім оралды.

Төрге шықты нақышы бар төл теңгем.
Ұлы далам ұлылықпен өркендер.
Атажұртқа табан тіреп қандастар,
Туған жерге тағзым жасап, көркемдер.

Мирас болған мәдениетім, жыр-әнім,

Рухани нәр алар кәусар бұлағым.
Қазақ тілі- Мәңгілік Ел тірегі
Үш тұғыр тіл адастырмас шырағым.

Тәуелсіздік бабалардан аманат!
Қойнауы құт, халқы дана ғаламат!
Қазақстан қарыштауда рухани
Жаңғырумен болашаққа бағдар ап.

Таси берсін асқар асу арнасы,
Астанамыз - жетістіктер жалғасы.
Берекелі, бейбіт ғұмыр кешкенім
Нұрсұлтандай Елбасының арқасы!

Жасай берсін, Қазақстан, елдігің!
Сақтау-парыз байтақ дала кеңдігін.
Арманы асқақ, бейбіт күнге қол созған,
Тәуелсіз ел ұланымын мен бүгін!

Талап, білім-қос қанатым самғаймын,
Еңбегімді Отаныма арнаймын!
Отыз елдің қатарына қоспаққа
Аға ұрпақтың ізгі ісін жалғаймын.

Қызылорда қаласы, Абай ауылы.
Абай атындағы №138 орта мектептің
10-сынып оқушысы
Оразкүл Темірғали Бақытжанқызы

ҚАЗАҚ АЛЫПТАРЫ

Сәлем бердім ардақты қазақ елім,
Сен мен үшін қашанда азат едің.
Салт- дәстүрін әрқашан биік қойған,
Құшағы кең – аяулы ғажап елім.

Жырласам қазағымның батырларын,
Орақ тілді, намысты ақындарын.
Дос болғанға бауырмал қойдан жуас,
Қас қылғанға найзағайдай жарқылдадың.

Қазағымның даналары ел есінде,
Естен кетіп, біреуің ұмытылмадың!
Алашымның жырласам алыптарын,
Батырлары намыстан қалыспадың.
Өмір мен өлім арасында,

Әлі есімде жаулармен шайқасқаның.

Қараңғы қапаста қара түнек,
Азаттыққа ұмтылған әрбір жүрек.
Қазағымның оқылған әр дұғасы,
Болашаққа азаттық жалғыз тілек.

Қазақстан, қазақ, Абай және Айқап,
Газеттері өркениетті білімді айтады.
Қазағымның көздерін ашпақ болды,
СССР-дің алпауыт күшін байқап.

Міржақып, Жүсіпбек, Сәкен атам,
Кеңінен жатқан шығар қазір Ордаң.
Орындалды тілеген арман- тілек,
Орындалды болашаққа берген батаң.

Біліп, ұғып қазақтың әрбір жайын,
Бір тарихым Ыбырай Алтынсарин.
Әліппені үйретті әр балаға,
Үйреткенде тамызып сөздің майын.

Болашаққа қалдырды жазып қанмен,
Қуанды оянғанда атқан таңмен.
Мақтанышым, мақтанам тік тұрып,
Алаштың зиялы алабымен.
Жүрегімнен шығатын бір ауыз сөз,
Орыс, қытай, кәріс емес қазақпын мен,

Қуанамын өзгермек әріптері,
Латынша әліпбиді дәріптеді.
Мен білемін қазір де бірақ нәрсе,
Ата – анамда оқыған әліппені.

Әліппені өлмесе екен ғұламалар,
Көрмесін күн шетелден сұрап алар.
Әр бала білмегесін шежіресін,
Ертегідей ойынан құрап алар.

Тілерім тек тарихым жоғалмасын,
Іздесін, оқысын, доғармасын.
Бәрін алып болды ғой ендігі тек,
Тарихымды өзгертіп қинамасын.

Тағы да бір қозғарым Мұстафа атам,
Елімнің азаттығына үлес қосқан.
Басқа жерде әрине көз жұмса да,
Туған жердің топырағын пір тұтқан.

Бүгінде біліп отыр тәуелсіз мемлекет,
Білім мен ғылымның терең тамырын.
Ортақ тұлға түркіге - Қорқыт бабамыз,
Қанатын құлаш жайып самғағын.

Өзіңнен түлеп ұшты қанша мың жас?
Білікті мамандықтың білгірі боп,
Төрткүл дүниенің - тоқтаусыз дүрбелеңін,
Шеберлікпен шешуде ол да бір хас...

Бойымды кенеттен бір күш билейді,
Сағым қуып, арманға жетелейді.
Осындай өркениетті алып елде,
Туылғанымға жүрек шіркін сенбейді.

Мақтанамын, көкірегімді кернеп күш,
Қатар жүрер елімізде тілдік үш.
Айбынды елде мақтан тұтар әрдайым,
Алаштарым, алыптарым, айбарым!

**Қызылорда қаласы, Т.Рысқұлов атындағы
№222 орта мектебінің 7 сынып оқушысы
Төлен Дильназ**

АЛАШ АЛЫПТАРЫ

Ағысымен тоқтамай бұлақ салдым,
Тарихыма тең келмес қырат салдым.
Ми даланың тарихын, мен айтайын
Ендеше осы өлеңге құлақ салғын.

Қазақтың тастан берік тақымы бар
Аты мәңгі өшпейтін ақыны бар,
Елі үшін алтын басын қиып берер
Қазақтың міне осындай батыры бар.
Тарихыма бойлай түс артық етпес
Бабамның сауаты бар ақылы бар.
Өзге ұлттың ақындары өз алдына
Қазақтың Абай дейтін хакімі бар.
Алаштың тұтастығы міне осында
Қазақтың қазақ дейтін жақыны бар

Бәйгеге ұлың бүгін жарағасын
Жыр өлеңнің әлемін араласын.
Көсіледі кеңінен жастары да
Қолдап тұрса ұлдарың бар «Алашым»

Сұм жағдайды білгенде сезгенде Алаш
Талай-талай қиынды көрген де алаш
Қасқыр болып өмірге келген еді.
Арлан болып фәниден өлген де алаш.
Қинаған ол заманды қаталы көп
Бір «Бекетке» сиынып бата алып ед,
Азаттықты бір аңсап отырғанда,
Халықтың қара жауы атанып ед.

Түсе тұрып талайдың таласына
Өкіметтің қап қалды жаласына
Түсінгенім бойынша біз кінәлі
Ішім менің ашиды дәл осыған.
Халықтың білім беріп баласына
Олардың батырлығы айқын боп тұр.
Көзімнің ағы менен қарасына
Бес арыстың атағы мәшһүр рас,
Қазақтың ұлан байтақ даласына
Азаттықты аңсаған арлан ұлдар
Тарихта дәл осылай қалған ұлдар
Мәңгілік ұран болып алашыма
Тәуелсіздік боп қалсын мәңгілік үн.
Азат қып атырамыз таңды бүгін
Қорқытқа да 80 жыл толып қапты
Алашыма бір ғасыр толды бүгін!

**Қызылорда қаласы Тасбөгет кенті №11 мектеп-лицей 9
сынып оқушысы Асқар Әли**